




*МИНИСТЕРСТВО ПО ДЕЛАМ РЕЛИГИЙ  
И ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН*



**«Мемлекеттік органдардың үкіметтік  
емес құқық қорғау ұйымдарымен өзара  
әрекеттесу тиімділігін арттыру  
(құқық қорғау ҮЕҰ арналған  
әдіснамалық оқу құралы)**

Астана, 2017

## **Авторлар:**

**Нұрғалиева Еңлік Нұрғалиевна** – заң ғылымдарының докторы, профессор

**Хасенов Муслим Ханатович** – PhD докторы

**Омарова Эльмира Бакировна** – заң ғылымдарының кандидаты, доцент м.а.

Осы әдіснамалық оқу құралы үкіметтік емес ұйымдар мен өзге мүдделі тұлғаларға арналған. Әдіснамалық оқу құралында Батталова З.К., Нұрғалиева Е.Н., Тлепина Ш.В., Хасенов М.Х. сияқты сарапшылар мақалалары мен презентацияларының материалдары қолданылған (қазақ тіліне аударған Карибаева А.К.)

«Еуразия құқық қорғау орталығы» ЖҚ басылымның мазмұны үшін жауапты, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ позициясын білдіру міндетті емес. Жинақта көрініс тапқан авторлардың пікірлері «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ пікірлерімен сәйкес келмеуі мүмкін.

## Мазмұны

<b>КІРІСПЕ</b> .....	4
<b>I. ҮЕҰ мен мемлекеттің өзара әрекеттесуінің негізгі алғышарттары мен принциптері</b> .....	6
<b>II. «Мүдделерді білдіру» ҮЕҰ-ның мемлекетпен өзара әрекеттесуінің негізгі нысандарының бірі ретінде</b> .....	14
<b>III. Адвокаси қызметін іске асыру бойынша әдіснамалық ұсынымдар</b> .....	20
<b>IV. Қоғамдық бақылау: қазақстандық және шетелдік тәжірибе</b> .....	26
<b>V. Азаматтардың өтініштерін қарау: қазақстандық және шетелдік тәжірибе</b> .....	35
<b>ҮЕҰ мен мемлекеттің өзара әрекеттесуінің тұрақты жүйесін құру бойынша қорытындылар</b> .....	43
<b>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі</b> .....	47
<b>Қосымша 1 «Үкіметтік емес ұйымдармен (ҮЕҰ) мемлекеттік органдардың өзара әрекеттесу деңгейін анықтау бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін талдау»</b> .....	50
<b>Қосымша 2 «Мүдделерді білдіру бойынша ескертпе»</b> .....	70

## КІРІСПЕ

Қазақстандағы VII Азаматтық форумға дайындалған «Қазақстандағы үкіметтік емес сектордың жағдайы туралы: мәселелері мен даму келешегі» атты шолу баяндамасында атап өтілген:

*«Соңғы 25 жылдың ішінде Қазақстандағы үкіметтік емес сектор толық түсінбеушілік пен қабылдамаушылықтан мемлекет пен нақты серіктестік тарапынан қолдаушылыққа дейін ұзақ әрі күрделі кезеңдерден өтті. Қазақстандық үкіметтік емес ұйымдар (әрі қарай - ҮЕҰ) саны жағынан ғана емес, сапасы жағынан да өзгерді. Заманауи коммерциялық емес мемлекеттік емес ұйым бірқатар маңызды талаптарға жауап береді: ол заңнаманы біліп бейімделген, ол мемлекеттік органдармен жұмыс жасап, конструктивке бағыт алған, ол қаржыландырудың бір ғана қайнар көзіне тәуелді болудан құтылуға тырысады, ол ресурстарды өзінің материалдық-техникалық база мен қызметкерлерді оқытуға жұмсайды, ол заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданады».*

ҮЕҰ туралы заңнаманың дамуы бұл ұйымдардың қызметіне жағымды әсер тигізгеніне қарамастан, ҮЕҰ мен мемлекеттік билік органдарының өзара әрекеттесуінің ұйымдық-құқықтық нысандары өзінің заңнамалық регламенттеуін таппаған.

Қандай да бір шешімдерді қабылдау кезінде мемлекеттік органдар көп жағдайда өз ресурстарына бейімделіп, қоғамдық пікірді толық деңгейде ескермейді. Сонымен қоса, әкімшілік тәртіппен қабылданған шешімдер халық арасында қолдауды барлық жағдайда таппайды. Осындай жағдайлардың орын алуының басты себебі – а) қандай да бір нормативті-құқықтық актіні немесе әлеуметтік бағдарламаны құру кезінде қоғамның әр түрлі әлеуметтік топтарының мүдделерін ескеруге; б) ҮЕҰ мен мемлекеттік билік органдарның өзара арқатынасын реттеуге; в) ҮЕҰ мен мемлекеттік өзара құқықтары, міндеттері мен жауаптылығын анықтауға мүмкіндік беретін тиісті құқықтық базаның болмауы.

Егер ҮЕҰ-лар қоғамның жеке топтарының қоғамдық ойының білдірушісі және республикалық пен жергілікті деңгейдегі мәселелерді шешуге ұйымдасқан түрде қатысуға қабілетті болса, қазақстандық азаматтық бірлестіктер өздерін мақсатты топқа теңеп, ұйымдасқан топтар болып қалыптастырылған халық бөлігін құрайды.

ҮЕҰ-ның мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесуінің қағидалары «Еуропада ҮЕҰ мәртебесінің негізге алынатын қағидалары» атты Еуропа Кеңесінің құжатында орын тапқан:

*«74. Қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін шешімдер іздеу мақсатында ҮЕҰ-ның диалогтың, консультациялар мен алмасулардың мемлекеттік пен квазимемлекеттік механизмдеріндегі қатысуларын қолдау мен көтермелеу қажет.*

75. Осындай қатысулар мемлекеттік субсидияларды бөлу, шарттар жасасу мен жекелеген ҮЕҰ мен олардың бірлестіктеріне көмек көрсету жөнінде кепілдіктер бермеуі тиіс.

76. Мемлекеттік органдар тарапынан консультациялар ҮЕҰ-ның өз басымдықтарын қабылдауға мәдбүрлеу құралы ретінде қарастырылмауы тиіс. Өз кезегінде ҮЕҰ консультацияларды өздерінің мақсаттары мен қағидаларынан бас тартуға түрткі болған себеп ретінде пайдаланбауы тиіс.

77. Мемлекеттік органдар ҮЕҰ-ны өз бақылауларына алуға талпынбауы тиіс, керісінше, мемлекеттік саясаттың мақсаттарына жету үшін ҮЕҰ-мен бірлесіп жұмыс жасауы керек.

78. ҮЕҰ-ны олардың мәртебесі, қаржыландырылу немесе әрекет аясын қамтитын бастапқы және кейінгі заңнамамен жұмыс жасаған уақытта консультациялар үшін тарту керек».

Мемлекетпен құрастырылған кез келген бағдарламаның тиімділігі ҮЕҰ-ны тартумен өсе түседі: біріншіден, ҮЕҰ-лар мемлекетке қарағанда, айрықша жағдайларда мәселелерді шешуде арнайы білім, тәжірибе мен қабілеттердің жиыны болып табылады; екіншіден, әлеуметтік мәселелерді шешуде ҮЕҰ тәсілі мемлекет тәсілінен ерекшеленеді. Көп мемлекеттердің әлеуметтік саясаты индивидті мемлекет тарапынан келген көмекті қабылдаушыға айналдыратын патерналистік сипатқа ие. Үшіншіден, ҮЕҰ оларды икемді әрі тұрақты жасайтын мемлекеттік органдарға тән институционалдық және құрылымдық шектеулерден азат. Сонымен қатар, бюрократиялық басқарушылық институттарына қарағанда, ҮЕҰ-лар әрекет жасаудың әдіс-тәсілдері мен құралдарын таңдауда немесе қолда бар қаржы құралдарын жұмсауда шектелмеген. Төртіншіден, олар өзінің мақсатты топтарына жақын, бұл әлеуметтік аядағы мәселелердің қиындығы кезінде табысты әлеуметтік саясаттың маңызды алғышарты болып табылады. Жоғарыда аталған барлық дәлелдер ҮЕҰ мен мемлекет арасында тығыз әріптестік қатынастар орнату керектігін көрсетеді.

## **I. ҮЕҰ МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІНІҢ НЕГІЗГІ АЛҒЫШАРТТАРЫ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ**

Билік органдарының ҮЕҰ-мен өзара әрекеттесу себептерінің негізгі әлеуметтік-саяси факторларына жатады:

- мемлекеттік басқару мен оның жекелеген институттарының қызмет етуінің мәселелерінде азаматтық қоғам мен оның қатысушылары рөлдерінің өсуімен сипатталатын, мемлекеттік билік органдары мен азаматтары арасындағы қатынастарды құрудың жаңа дәуірдің басталуы;

- азаматтық қоғам, жеке меншік секторы мен мемлекет арасындағы әріптестік кешенді әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудегі ең тиімді тәсілі ретінде қарастырылады;

- әлеуметтік капитал (мемлекеттің қоғамдық-саяси өмірінде азаматтардың қатысуының еркі мен қабілеті) мемлекеттің экономикалық өсу мен дамуын қолдау үшін қажетті алғышарты мен элементіне айналуға;

- ҮЕҰ-ның басты ынталандыру құралы табыс табу емес, қоғамдық игілік болып табылады;

- саяси реформаларды талқылау мен іске асыру процесінде маңызды әлеуметтік келісімдерге (қоғамдық шарт) қол жеткізу мәселелерінде қажетті құрал ретінде шешім қабылдаудың жан-жақты әрі плюралистік процесі мойындалуда.

ҮЕҰ-ның мемлекеттік билік органдарымен өзара әрекеттесуін ұйымдастырудың қағидалары болып табылады:

**Әріптестік** – құқықтары, міндеттері мен жауаптылығы көрсетілетін құжаттар негізінде ортақ мақсаттарға жету үшін тең құқылы тараптардың өзара әрекеттестігі.

**Сапа**–сапалы қызмет көрсетулер билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары өкілдерінің, ҮЕҰ-ның, бизнес қоғамдастықтарының соңғы нәтижеге ортақ қатысушылығымен қамтамасыз етіледі.

**Ашықтық** – билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ҮЕҰ мен бизнес қоғамдастықтарының қызметімен танысу, талқыға салу мен бақылау үшін ақпаратқа қолжетімділік пен оның анықтығы.

ҮЕҰ қызметі ірі әлеуметтік-экономикалық потенциалға ие. ҮЕҰ-лар әлеуметтік өрлеудің қозғаушы күші, азаматтық қоғам тұрақтылығының, мемлекеттің саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуына азаматтардың тартылуының негізі болып табылады.

**Халықаралық тәжірибеге сәйкес, құқық қорғау ұйымдары келесі негізгі функцияларды жүзеге асырады:**

Өз елінде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтаршоғырын сақтаумен ағымдағы жағдайға мониторинг жүргізу

Қоғамды оның даму үрдістері мен адам құқықтарын өрескел бұзудың жеке жағдаяттары туралы ақпараттандыру

Ағымдағы заңнама мен Парламентке жіберілетін заң жобаларын халықаралық нормалар мен адам құқықтары саласындағы стандарттарға сәйкестігін талдау

Өз құқықтары ұлттық заңнамамен немесе жеке жағдайларда құқық қолдануы тәжірибе арқылы бұзылды деп есептейтін адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау

Ағарту қызметі

→

Қоғамда адам құқықтары саласындағы халықаралық құжаттар, нормалар мен стандарттар, халықаралық деңгейде және дамыған демократиялық мемлекеттерде адам құқықтарын қорғау институттары мен механизмдері туралы білімдерді тарату.

ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрі Н. Ермекбаевтың айтуынша, «үкіметтік емес сектор – әлеуметтік мәселелерді шешу мен азаматтық бастамаларды жандандыруда мемлекеттің сенімді әріптесі» [1].

Қазақстан тәжірибесін қарастырған уақытта мемлекетіміз ҰЕҰ-ның мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесін есепке алу мен бағалау үшін әдіснамалық және ақпараттық-аналитикалық негізді қалыптастыруға енді кіріскендігін атап өту қажет.

Қазіргі уақытта ҰЕҰ секторындағы жұмыспен қамтылу және оның мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі жөнінде ресми статистикалық мәліметтер жоқ.

ҰЕҰ-ның қызметі аясындағы заңнамаға өзгерістер енгізіліп, 2015 жылдың аяғында үкіметтік емес ұйымдардың дерекқоры пайда болды.

Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқоры – үкіметтік емес ұйымдардың қызметіндегі ашықтық пен қоғамның олар туралы ақпарат алуын қамтамасыз ету мақсатында, сонымен қатар мемлекеттік әлеуметтік тапсырысын орналастыру, гранттар мен сыйлықақы беру шеңберінде пайдалану үшін құрылған ақпараттық дерекқор [2].

Үкіметтік емес ұйым ортақ мақсаттарға жету үшін азаматтар және (немесе) мемлекеттік емес заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ерікті негізде құрған коммерциялық емес ұйым (саяси партияларды, кәсіптік одақтарды және діни бірлестіктерді қоспағанда) ретінде түсініледі.

«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР Заңының 41-бабының 5-тармағына сай, 2016 жылдан бастап қазақстандық ҮЕҰ, шетелдік және халықаралық ҮЕҰ филиалдары мен өкілдіктері өздерінің қызметі туралы ақпаратты жыл сайын 31 наурызға дейін уәкілетті органға (Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі) жібереді. Үкіметтік емес ұйымдарымен өз қызметі жөніндегі мәліметтерін ұсыну және олар туралы дерекқорды қалыптастыру қағидалары 2016 жылы 19 ақпанда ҚР Мәдениет және спорт министрінің бұйрығымен бекітілді. Қағидаларға қоса ҮЕҰ-ның дерекқорындағы есеп-қисап нысанын толтыру бойынша әдіснамалық ұсыныстар мен ҮЕҰ дерекқорына ақпаратты беру бойынша жиі қойылатын сұрақтарға жауап дайындалды. Аталған құжаттарды Дін ісі және азаматтық қоғам министрлігінің ресми сайтында келесі мекенжай бойынша табуға болады [http://www.din.gov.kz/rus/baza\\_npo](http://www.din.gov.kz/rus/baza_npo).

Коммерциялық емес ұйымдарға өздерінің қызметі, оның ішінде құрылтайшылары, мүлік құрамы, ақша қалыптастыру көздері мен оларды жұмсау бағыттары туралы жария ақпаратты беру туралы қойылатын талаптар 2001 жылдан, яғни «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР Заңы қабылданған уақыттан бастап заңнамада көзделгенін атап өту қажет.

2015 жылы заңнаманы реформалау бойынша жұмыс шеңберінде бұл заңның жекелеген нормалары нақтыланды, оның ішінде коммерциялық емес ұйымдардың өздерінің қызметінде ҮЕҰ-мен өзара әрекеттесу бойынша ақпаратты уәкілетті органға міндетті ұсынылуын көздейтін нормалар нақтыланды. Сонымен қатар, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» ҚР Заңының 41-бабындағы талаптарды бұзғандығы үшін жауаптылықты көздейтін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексіне толықтырулар енгізілді[3]. Атап айтқанда, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексінде дерекқорға мәліметтерді ұсынбау, уақтылы ұсынбау, сол сияқты анық емес немесе көрінеу жалған мәліметтерді ұсыну үшін әкімшілік жауаптылық көзделген (489-1-бап: 1-тармақ – ескерту; 2-тармақ – қайталап жасалған бұзушылық үшін – жиырма бес айлық есептік көрсеткішті құрайтын айыппұл салуға немесе үш ай мерзімге қызметін тоқтата тұруға алып келеді).

2017 жылдың 29 мамырдағы жағдай бойынша, ҮЕҰ-ның дерекқорында 2930 үкіметтік емес ұйым тіркелген [4]. Кейбір деректерде көрсетілгендей, тәуелсіздік жылдары ішінде республикада 27 мыңнан аса ҮЕҰ тіркеліп, 8400-і белсенді түрде жұмыс жасайды [5].

Қазіргі уақытта «ЗУБР» ӘКҚ-ы «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ мен ҚР Дін ісі және азаматтық қоғам министрлігінің гранттық қолдауымен «ӘЫДҰ мемлекеттерінің халықаралық тәжірибесі негізінде әлеуметтік-экономикалық дамуға КЕҰ-ның үлесін есепке алу бойынша әдіснаманы құрастыру» жобасын іске асырумен айналысуда.

Бұл жұмыс тұжырымдамалық аппаратты бірыңғай түсінушілікке, КЕҰ үлесін бағалаудың деңгейін анықтауға, ӘЫДҰ мемлекеттерінің тәжірибесін ескере отырып, әлеуметтік-экономикалық дамудың деңгейін бағалау



индикаторларының ортақ жүйесіне ендіру үшін тиісті индикаторларды иерархиясын қалыптастыруға алып келеді.

Жоба нәтижелері бойынша бірыңғай құжат - КЕҰ-ның әлеуметтік-экономикалық дамуға қосқан үлесін бағалаудың икемді әдістемені құру жоспарланып жатыр.

Осылайша, Қазақстан алдында мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамудың өзекті әрі бірінші кезектегі міндеттерді шешуге азаматтық қоғамның дамуын бағыттау үшін ҰЕҰ қызметін бақылауға, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс пен үкіметтік емес секторды қолдау механизмдерін жетілдіруге мүмкіндік беретін ақпараттық-аналитикалық және статистикалық жүйені құру бойынша қиын әрі ұзақ, бірақ жалғыз дұрыс бағыт тұр.

Посткеңестік мемлекеттердің көбісінде қазіргі таңда мемлекеттік билік органдарымен азаматтық қоғамның өзара қатынастарындағы қоғамдық-мемлекеттік әріптестіктің моделі жүзеге асырылуда.

Егер мысал ретінде Ресейді алатын болсақ, қазіргі уақытта мемлекет пен азаматтық қоғам арасында екі негізгі үрдіс көрініс табады. Біріншісі – құқық қорғау сипатындағы ірі ұйымдар билік құрылымдарынан алшақтана бастап, азаматтық форумдардың жұмысына қатысудан бас тартып, оппозициялық партияларға қосылып, «Бүкілресейлік Азаматтық конгресті» құрды. Басқа үрдіс – саяси күрес майданына баруға қаламау және билік құрылымдарымен өзара әрекеттесуге дайын.

Ресей зерттеушілерінің пікірі бойынша, саяси емес ҰЕҰ билеуші элитаны алмастыратын күш бола алатынын көрсеткен «түрлі түсті революциялардың» (Грузия – 2003 жылы күзде, Украина – 2004 жыл қыс, Қырғызстан – 2005 жылы көктемде өткен) салдарынан ҰЕҰ –ның қызметіне мемлекеттік бақылау күшше түсті. Бұл жағдайлар ҰЕҰ қызметі туралы репрессивті заңнаманың пайда болуына және негізгі шетелдік грант берушілердің мемлекеттен біртіндеп кетуіне алып келді [6].

Ресей мемлекетінің көп бөлігінде бүгінгі таңда мемлекеттік билік органдарымен **қоғамдық-мемлекеттік әріптестік** моделі іске асырылуда.

Соңғы уақытта Қазақстанда мемлекеттік билік органдарымен үкіметтік емес ұйымдардың өзара әрекеттестігі негізінде азаматтық қоғамның кейінгі даму мәселелері ерекше қызығушылықты туғызатынын ескерсек, ресей тәжірибесі мемлекет істерін басқарудағы қазақстандық ҰЕҰ қатысуының әр түрлі нысандарын таңдауда пайдалы болуы мүмкін.

Авторлар тарапынан жүргізілген талдау ресейлік аймақтардың көп бөлігінде билік пен коммерциялық емес ұйымдардың өзара қатынасының патрон-клиенттік моделінің жүзеге асырылып жатқандығын көрсетті.

**Патрон-клиенттік модель** ресейлік аймақтардың көп бөлігінде жүзеге асырылуда: Мордовияда, Татарстанда, Удмуртияда; Брянск, Ленинград, Саратов, Ярослав облыстарында; Башқұртстан Республикасында және т.б.

Билік пен КЕҰ өзара қатынасының әріптестік моделі Карелия Республикасы, Красноярск өлкесі, Перм өлкесі, Мәскеу, Санкт-Петербург, Самара облыстарының заңнама актілерінде кездеседі. РФ-ның бұл

субъектілерінің заңнамалық актілерінде билік пен КЕҰ қатынастарын әріптестік қатынастар сияқты іске асыратын нысандар бар:

- а) бір-бірімен шарттар мен келісімдер жасасу мүмкіндіктері;
- б) бір-бірінің қызметіне бақылау жүргізу мүмкіндіктері;
- в) КЕҰ-да заң шығарушылық бастамақұқығының болуы.

Аталмыш модельдің құндылығы мемлекеттік билік органдары өкілдерінің әлеуметтік және көпшіліктің аясында қоғамдық бақылау қажеттілігі туралы түсінуі болып табылады (әлеуметтік қызметтер сапасын бақылау, билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметіне қоғамдық бақылау, мемлекеттік сатып алуларға қоғамдық бақылау және т.б.).

Аймақтық заңнамалық актілерде КЕҰ-ның билік органдарына ұсыныстарды жолдау, заң шығару мен қоғамдық сараптама қызметіне қатысу құқықтары мойындалады.

**Заң шығарушылық бастама құқығына**, мысалға, Карелия Республикасы ие – жалпы ресейлік қоғамдық бірлестіктердің аймақтық бөлімшелері. Удмуртия Республикасында – қоғамдық бірлестіктердің республикалық органдары.

Аймақтық заңнамалық актілерде билік органдарымен коммерциялық емес ұйымдардың жиі кездесетін өкілеттіктері аталады: **қоғамдық сараптама, аналитикалық қызмет, бірлескен іс-шаралар (бірінші кезекте – қоғамдық тыңдаулар)**. Біздің пікіріміз бойынша, КЕҰ-ның билікпен әріптестіер ретінде (**әріптестік туралы шарттар**) шарттық қатынастарда қатысудың өкілеттіктері мен билік органдарының қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу өкілеттіктері ерекше маңызды болып табылады.

Әріптестік туралы шарттар мен келісімдерде биліктегілердің КЕҰ-ды аймақтық мәселелерді шешуге қатысу міндеті қамтылады, онда тараптардың құқықтары, міндеттері мен жауаптылығы да қарастырылған. Осындай шарттар мен келісімдердің мысалдары кейбір аймақтардың заңнамасында көрініс тапқан.

Мәселен, Мәскеудегі қалалық заңнамамен өзіне алынған міндеттемелерді орындау үшін тараптардың жауаптылығын анықтаумен **салааралық келісімдер мен шарттардың жүйесі** қарастырылған. Иркутск, Самара мен Саратов облыстарында облыстық заңнамамен сәйкестікте әріптестік туралы шарттар жасалды. Санкт-Петербург әкімшілігінің жастар саясаты бойынша Комитетімен әріптестік туралы Типтік шарттар және т.б. жасалды.

Азаматтық қоғам институттарының мемлекеттік билік органдарының қызметін бақылау мүмкіндігі Карелия Республикасының заңнамасында көзделген, республикада **Қоғамдық палата** атқару билігі органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметі не қоғамдық бақылауды қамтамасыз етеді. Пермск өлкесінде мемлекеттік билік органдарының қызметіне азаматтық бақылау жасау құқығы КЕҰ-ның талап ету өкілеттігімен (сұрау салу) және биліктегілердің қажетті ақпаратты беру міндеті арқылы іске асырылады, ал Красноярск өлкесінде Азаматтық ассамблея Красноярск өлкесінің атқару билігі органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару

органдарының қызметіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға құқылы болып табылады.

**Жергілікті заңнамалық актілерде билік пен КЕҰ-ның өзара әрекеттестігінің әр түрлі көптеген нысандары мен механизмдері көрініс тапты.**


**Ең көп таралған нысандарға жатады: бірлескен алқалы шешімдер, бірлескен іс-шаралар, нормативті актілер мен әлеуметтік бағдарламалардың жобаларын қалыптастыруда КЕҰ-ның қатысуы, билік органдарының КЕҰ-ның өкілдерін билік органдарының жұмысына сарапшылар мен кеңесшілер ретінде тартуы, КЕҰ өкілдерінің әлеуметтік бағдарламаларды, қоғамдық сараптаманы және ақпараттық алмасуды жүзеге асыруда қатысуы және т.б.**


**Ең көп таралған механизмдерге жатады: аймақтық қоғамдық палаталар, коммерциялық емес сектордың аймақтық форумдары (әлеуметтік, азаматтық), қоғамдық-консультациялық және үйлестіру кеңестері, комиссиялар, жиналыстар, жұмыс топтары (дамыған әрі тиімді әрекет ететін әр түрлі қоғамды кеңестер Карелия Республикасында). Сонымен қатар коммерциялық емес ұйымдардың әлеуметтік маңызды бағдарламалар мен гранттық жобалары, жергілікті қоғамдастықтардың қорлары, әлеуметтік жобалардың аймақтық жәрменкелері, қоғамдық тыңдаулары, семинарлар мен конференциялары кездеседі. Пермск өлкесінде қоғамдық тыңдаулар, семинарлар мен конференцияларда билік органдарымен бірлесіп шығарылған КЕҰ-ның ұсыныстары міндетті қаралуға жатады.**

Өзара әрекеттесудің басқа да нысандары мен механизмдері болуы мүмкін. Мәселен, Удмуртия Республикасында шенеуіктер мен азаматтық қоғам ұйымдарының өзара оқыту сияқты ара қатынастарының өте тиімді нысаны бар, ал Самара облысында коммерциялық емес ұйымдармен жұмыс жасау үшін шенеуіктердің кадрлық даярлығы қарастырылған. Калининград облысы мен Санкт-Петербуркте КЕҰ-ы өкілдерінің КЕҰ-ның әлеуметтік бағдарламалар мен гранттар конкурсында жеңімпаздарды анықтаудың конкурстық комиссиясына қатысуы қамтамасыз етілген.

Мәскеу заңнамасында «жедел желі», «сөйлесу алаңы» сияқты өзара әрекеттесудің механизмдері қарастырылған. Сонымен қатар, Мәскеуде мемлекеттік қолдауды алған ұйымдардың реестрі жүргізіледі. Самара облысында аймақтық фестивальдар мен көрмелер сияқты өзара әрекеттесу механизмдері бар. Облыстық деңгейде құрылып, қызмет ететіндер: Самара облысының қоғамдық жиналысы, әлеуметтік әріптестіктің облыстық және муниципалды орталықтары, жастар ұйымдарының муниципалды үйлері, облыстық кәсіпкерлер үйі [7] (№1 кесте).

**Кесте 1.**





Мемлекет

ҮЕҰ

Әріптестік туралы шарттар

Бір-бірінің қызметін бақылау

Заң шығарушылық бастама құқығына ҮЕҰ республикалық органдары ие (Ресей)

Қоғамдық бақылау

Әлеуметтік қызмет

Билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары

Мемлекеттік сатып алу

ҮЕҰ-ның билік органдарына ұсыныс енгізу құқығы

Заң шығарушылық қызметке қатысу

Қоғамдық сараптама

Аналитикалық қызмет

Ақпараттық алмасуға қатысу

Қоғамдық тыңдаулар

Әлеуметтік бағдарламаларды әзірлеуге қатысу

Бірлескен алқалы шешімдер

Әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруға қатысу

Бірлескен іс-шаралар

Мемлекеттік қызметшілерді оқыту

НҚА жобаларын әзірлеуге қатысу

Семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер

ҮЕҰ өкілдерін сарапшылар ретінде тарту

ҮЕҰ өкілдерінің конкурсында жеңімпаздарды анықтаудың конкурстық комиссиясына қатысуы

Қоғамдық жобалардың аймақтық жәрмеңкелері

Жедел желілер, сөйлесу алаңдары

**Аймақтық нормативтік құқықтық актілерде мойындалады:**

Нақты жағдайда жоғарыда сипатталған модельдердің бірнеше түрлерінің үйлесуі байқалатынын, дегенмен басым модельді бөліп көрсетуге болатынын атап өту қажет. **Ресей заңнамасында КЕҰ мен биліктің өзара әрекеттесуінің механизмдері, принциптері мен нысандарының, сонымен қатар тараптардың құқықтары мен міндеттерінің үйлесімді жүйесі жоқ.** Көбінесе **гранттар, субсидиялар беру, әлеуметтік тапсырысты орналастыру, КЕҰ-ына салықтық және өзге жеңілдіктер беру** жолымен КЕҰ-ға мемлекеттік қолдау туралы (патерналистік әдіс) мәселе қозғалады.

Қазақстанда ҰЕҰ-ды қаржыландырудың негізгі көзін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, гранттар мен сыйлықақылар құрайды, яғни патерналистік модель басым.

Мысалға алатын болсақ, Еуропада жергілікті деңгейдегі ынтымақтастыққа ерекше мән беріліп жүр, басты қағида – қатардағы азаматқа жақын болатын деңгейде шешім қабылдауды қамтамасыз ету. Жергілікті деңгейде әрекет етеді: **ҰЕҰ-мен жұмыс жөніндегі Комитет немесе мэрияның арнайы бөлімі не қоғаммен байланыс жөніндегі қызметкер.** Мәселен, Англияда кез келген мәселе бойынша ҰЕҰ арқылы тегін консультациялар беретін азаматтар үшін консультациялар Бюросы құрылды. Германияда орталық көздерден алынатын аймақтардың бюджеттері ҰЕҰ мен басқа қоғамдық бірлестіктермен талқыланады. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын жобалардың жүзеге асырылуына бақылауды ҰЕҰ тарапынан жүзеге асырылады.

Польшада 2002 жылғы «Әлеуметтік диалог туралы» Үкіметтің Қаулысында маңызды новация қамтылған. **Парламентке заң жобасын енгізу үшін жауап беретін министрлік заң жобасы бойынша әлеуметтік әріптестермен кенесуден басқа, Парламентке заң жобасымен бірге ҰЕҰ атынан жасалған ескертулердің қысқаша шолуды ұсынады және ескертулер соңғы нұсқада ескерілмеген жағдайда, оны негіздеуі керек [8].**

Осылайша, ҰЕҰ-ның мемлекеттік билік органдарымен өзара әрекеттесудің тәжірибесіне жасалған шолу аталмыш қызметті заңнамалық реттеудің жоқтығына қарамастан, қазақстандық ҰЕҰ үшін пайдалы болатын айтарлықтай маңызды тәжірибе екендігін байқатады. Осы орайда, ҰЕҰ-ның **заң шығарушылық бастама құқығы, бюджеттік қаражатты жұмсауға бақылау, заң жобаларын талқылау уақытында ҰЕҰ пікірін міндетті ескеру, келісімдер мен шарттар жасасу және т.б.** өзара әрекеттесудің нысандарын айрықша атап өту керек.

## **II. «МҮДДЕЛЕРДІ БІЛДІРУ» ҮЕҰ-НЫҢ МЕМЛЕКЕТПЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІНІҢ НЕГІЗГІ НЫСАНДАРЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕ**

Өзара әрекеттесудің деңгейін одан әрі көтеру мен ҮЕҰ мен мемлекеттік органдардың ынтымақтастығын дамыту үшін мемлекеттердің озық тәжірибесін пайдалану, қоғамның әр түрлі аяларын мемлекет тарапынан монополияландыруға жол бермеудің тетігі болатын механизмді қалыптастыру үшін өзара әрекеттесудің барлық түрлері мен нысандарын қайта қарау қажет.

Бірқатар мемлекеттерде билік пен бизнестің өзара әрекеттесуі делдалдар мен сыбайлас жемқорлықтың сызбаларынсыз жүзеге асырылуы сирек құбылыс екені белгілі. Кейбір авторлардың пікірі бойынша, бұл жағдайлар лоббистерге заңды түрде әрекет етуге мүмкіндік беретін және бұл құбылысқа өркениетті сипат беретін лоббизм туралы заңның мемлекетте болмауымен түсіндіріледі, ал басқа авторлардың айтуынша, лоббизм туралы заң қажет емес, себебі заңды күшке ие заңдарда оның құқықтық негіздері қарастырылған, сондықтан бұл заңдарды ретке келтіру қажет [9].

Лоббистердің басты міндеті – әр түрлі технологияларды қолдана отырып, мүдделі топтардың мүдделерін білдіру мен қорғау бойынша мемлекеттік билік пен мүдделі топтардың арасындағы делдалдық қызмет.

Қазақстанда аталмыш заңды қабылдау қажеттілігі туралы бастамалар 1996 жылы Парламент Мәжілісіне ұсынылған заң жобасы түзетуге жіберілген уақытта пайда болған. Заң жобасы қарапайым азаматтардың емес, ірі бизнестің мүдделерін көздеді. Мемлекетіміздің лоббистері қатарына қазіргі уақытта мұнай-газ секторында жұмыс жасайтын ірі қаржы-өндірістік топтар мен шетелдік инвесторлар жатады. Кейінгі заң жобалары ірі бизнес пен шетелдік инвесторлардың мүдделерін көздеді.

Бұл қызмет сыбайлас жемқорлықпен байланысты болмаса және белгілі бір топтардың заңды мүдделері қорғалса, мемлекеттік билік органдар тарапынан ірі ассоциациялар мен корпорациялардың мүдделеріне қолдау көрсету заңға қайшы емес. Дегенмен, әлемдік тәжірибеде «лоббизм» түсінігі ақшалай немесе өзге де сыйақы беру үшін үшінші тараптың мүдделерін қорғау бойынша жоғары білікті кәсіби қызмет ретінде түсінілетінін ұмытпау қажет. Егер бұл құбылысты жан-жақты әрі терең зерттеген сарапшылардың ойына жүгінетін болсақ, «лоббизм – демократиялық жүйенің интегралдық элементі болып табылатын, саяси мағына мен құқықтық негізге ие қызмет» [10]. Демек, саяси плюрализм мен әр түрлі әлеуметтік топтар мүдделерінің дифференциациясы жағдайларында мемлекетті басқарудағы азаматтардың қатысуының тиімді механизмдері қажет. Біздің ойымызша, бірінші кезекте ҮЕҰ–ның, заңды түрде танылған мүдделік қолдау қызметі (лоббизм) осындай механизм бола алады.

Қазіргі уақытта ҮЕҰ-ның саясат субъектісі мен саяси жүйе элементі ретіндегі рөлі өсу сипатына ие, осыған орай олардың мемлекеттік билік органдарымен құқықтық алаңда өзара әрекеттесуіне ерекше назар салу керектігін қажет деп санаймыз.

Қазақстандағы ҮЕҰ-ның мүдделік қолдау қызметінің заңнамалық негізі ҚР Конституциясының 33-бабында көзделген: «Қазақстан Республикасы азаматтарының тікелей және өз өкілдері арқылы мемлекет ісін басқаруға қатысуға, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқығы бар». ҮЕҰ-ның мүдделік қолдау қызметін құқықтық регламенттеу үшін аталған конституциялық ереже жеткіліксіз, себебі онда мемлекеттік шешімдер қабылдауға ҮЕҰ-ның әсер ету тәсілдері, нысандары мен өзара әрекеттесуінің нақты механизмдері жоқ [11]. Саяси құбылыс ретінде лоббизм айтарлықтай ресурстарға ие емес және билікке әсер ету мүмкіндіктері жоқ шағын ҮЕҰ-на мемлекеттік билік органдарында ықпалды болу мүмкіндігін бере отырып, «мүдделі топтардың» мүдделеріне өкілдікті қамтамасыз етеді. Екінші жағынан, лоббизм билік органдарын әлеуметтік мәселелер бойынша ақпаратпен қамтамасыз етеді, әзірленіп жатқан мемлекеттік жобалар бойынша сараптамалық бақылауларды ұсынады және қоғамдық қажетті шешімдерді қабылдау процесінде заң шығарушы органдар мен мемлекеттік қызметкерлерге көмек көрсетеді [3].

Лоббизм АҚШ-та тек федералды деңгейде ғана емес, штаттар деңгейінде де ресми түрде мойындалған және дамуда. Құқықтық негізін құрайды: 1. АҚШ Конституциясына бірінші түзету (ақпарат пен сөз бостандығы, петицияға құқық бөлігінде). 2. «Мүдделік қолдау қызметінің ашықтығы туралы» Федералды заң (1995 ж., 1998 ж. түзетулермен). 3. «Мүдделік қолдау қызметін іске асыру кезіндегі есептілік пен ашықтық туралы» Федералды заң (2006 ж.). 4. «Биліктің ашықтығы мен адал жетекшілік туралы» Федералды заң (2007 ж.). 5. «Федералды инвестициялар қорын жұмсауды қамтамасыз ету шаралары» АҚШ Президентінің Жарлығы (2009 ж.). 6. Жекелеген штаттардың заңдары және т.б.

Зерттеушілердің көзқарасы бойынша, мүдделік қолдау қызметінің сипатты белгілеріне жатады:

а) саяси байланыс, яғни мүдделік қолдау қызметіндегі тұлғаның лауазымды тұлғалармен немесе олардың жақындарымен тікелей байланысы не лауазымды тұлғаларға ақпараттың белгілі бір ағынын бағыттау;

б) мүдделердің шектеулігі, яғни мүдделік қолдау қызметі арқылы мемлекет пен қоғамның объективті қажеттіліктеріне қайшы келетін тар корпоративтік және жеке мүдделер іске асырылады;

в) қатынастардың жабық сипаты – мүдделік қолдау қызметіндегі қандай да бір шешімнің артында кім тұрғанын бақылау мүмкіндігі барлық уақытта болмайды.

Лоббизм – бұл әрбір мемлекет үшін табиғи құбылыс. Билік бар жерде, оны өзінің жеке мақсаттарында және кез келген тәсілдермен пайдалануды қалайтын адамдар бар болады. Билік мемлекет пен қоғамның мүдделеріне қайшы келмес үшін лоббизм институтын заңның қатаң шеңберіне енгізу қажет. Заңнамалық реттеу болмаса, лоббизм мемлекет үшін көрінбейтін жағдайда болып, кейде сыбайлас жемқорлықпен бірігіп кетуі мүмкін [12].

Лоббизм мәселелері мен оның әлемдік тәжірибесі туралы бар әдебиеттерді зерттей келе, біз келесі қорытынды жасадық: Қазақстанда лоббистердің міндетті және ерікті тіркелуі, лоббистерді тарту арқылы сараптамалық-кеңесші құрылымдарды құру, әлеуметтік әріптестік институттарын қалыптастыру сияқты қағидаларға негізделген лоббизм институтының кезең-кезеңмен қалыптасу Концепциясын әзірлеу қажет. Концепцияны әзірлеу кезінде лоббизм институционализациясының басты мәселесі жеке заңның болмауы емес, субъектілері арасында бәсекелестік жеткіліксіз болып табылатын корпоративтік жүйе қалыптасуының әлеуметтік, саяси және экономикалық алғышарттары болып табылады, ал билік болса, кейбір топтарға мүмкін болатын преференцияларды бөлу арқылы патерналистік қатынасты көрсетуде [13]. Бұл, бірінші кезекте, үкіметтік емес ұйымдарға қатысты.

Егер «Лоббизм туралы» заң қабылданса да, келесі шешілмеген мәселелер болатынына жайлы күмәндар бар:

а) лоббистердің тіркелуін ұсынатын заңның қабылдануымен компанияның бірінші басшылары мен «көлеңкелі тұлғалар» табысты пайдаланатын билік өкілдеріне ресми емес қолжетімділік мүмкіндігі сақталады;

б) заң мүдделік қолдау қызметін жергілікті аймақтар деңгейінде реттей алмайды;

в) лоббистер өздерінің кәсіби қызметі туралы ақпаратты толық деңгейде ашып бермейді;

г) құқық қорғау органдарына лоббистер қызметін бақылау бойынша қосымша міндеттер қосылады, бұл тәжірибеде мүмкін болмайтын міндетке айналады [13, с.121].

Біздің ойымызша, осындай күмәндар негізді болып табылады. Дегенмен, пайда болған мәселелерді кезең-кезеңмен шешу керек. «Көлеңкелі лоббизмді» тек «Лоббизм туралы» заңды қабылдап жою мүмкін емес. Мемлекет пен қоғамның жылдарға созылатын бірлескен жүйелі жұмысы қажет. Жергілікті аймақтар деңгейінде бұл заң арқылы мүдделік қолдау қызметін реттеуге болады. Қазақстан секілді унитарлы мемлекет жағдайында осыны жасау қиын іс емес. Лоббистердің өздеріне келетін болсақ, әрине, заңның өзінде олардың құқықтары, міндеттері мен жауатылығы (қылмыстық жауаптылықты қоса) нақты реттелмесе, олар өздерінің қызметі жөнінде ақпаратты толық ашып көрсетпейтіндігі туралы қорқыныш бар. Құқық қорғау органдарына келсек, олар өздерінің алдында тұрған міндетпен абыроймен орындайтыны туралы күмән жоқ, себебі «көлеңкелі лоббизм» коррупция секілді, оның ауқымы мен жағымсыз салдарлары қайтымсыз болуы мүмкін.

Аталған заңның бар болуына қоғамның өзі, әсіресе үкіметтік емес ұйым болып табылатын оның белсенді бөлігі мүдделі. Лоббизм институты мемлекет пен ҰЕҰ арасындағы өзгеше алаңға айналуы мүмкін. Сауатты лоббист бар болғанда өзара қатынастың анық әрі ашық жүйесі негізінде көп мәселелерді шешуге болушы еді. Өзара қатынастардың осы деңгейінде біз, ҰЕҰ өкілдері бола отырып, «Үкіметтік емес ұйымдардың мүдделік қолдау қызметі туралы»



(азаматтық лоббизм) заң жобасын ҚР Парламентіне ұсыну мен кең талқылауына салу үшін әзірлеп ұсына аламыз.

Аталмыш заң жобасында ҮЕҰ-ның мүдделерін білдіруші өкілдер ретінде олардың мүдделерін кәсіби негізде білдірумен айналысатын тұлғалар бола алатын еді. Мүдделерін білдіруші тұлға ҮЕҰ-мен жазбаша нысанда жасалған азаматтық-құқықтық шарт негізінде өз міндеттерін атқара алатын еді, шарт мүдделерді білдірудің соңғы мақсатын, өзара әрекеттесу көзделетін мемлекеттің билік органдары немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының лауазымды тұлғаларын, мүдделерді білдіргені үшін ақшалай сыйақы мөлшерін және т.б. қамтушы еді.

Қазақстандық қоғамда ҮЕҰ-ның мемлекеттік органдарымен әлсіз өзара байланысы туралы көзқарас қалыптасқан, А.Гусарованың пікірінше, бұл ҮЕҰ-ның айтарлықтай функционалды қоғамдық жүктеменің болмауымен түсіндіріледі. Азаматтардың көп бөлігі ҮЕҰ-ның қызметі мен міндеттерімен таныс емес. А. Гусарова ҮЕҰ-ның мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесуінің негізгі мәселесін азаматтардың әлеуметтік-саяси шешімдерді қабылдау процестерінен шеттетілгені құрап отырғандығын түйіндеді [13, 121 б.].

Біздің ойымызша, қазақстандық ҮЕҰ-ның қызметін қатты сынға алудың қажеті жоқ, себебі олар мемлекет пен қоғамның стратегиялық маңызды міндеттерінің іске асырылуы үшін көп іс жасап жүр. Жоғарыда аталған біржақты басылымдар мемлекеттегі ҮЕҰ-ның жағдайы туралы білмеушіліктен немесе бұл туралы білуді толық қаламаудан пайда болады.

2016 жылдың қарашасында өткен VII Азаматтық форумында мемлекеттік органдармен сапалы өзара байланыстар нәтижесінде аймақтардағы қаржыландыру сомаларының ұлғаюы байқалғандығы атап өтілді (аймақтардың бірінің мысалы келтірілген: 123 миллионнан 152 миллионға дейін, ресурстық орталықта 5 миллионнан 10 миллион теңгеге дейін).

Аталмыш форумда келесідегідей қорытынды жасалды: «Қазақстанның тәуелсіздік жылдары – мемлекеттік басқару мен нарықтық экономиканың бұрын белгісіз болған механизмдерінің жаңа жүйесін қалыптастыруды, сонымен қатар әлеуметтік саланы қолдау мен дамытуды қажет ететін оңай емес жылдар. Отандық ҮЕҰ осы жылдарды мемлекетпен бірге еңсерді. ҮЕҰ-дың әлеуметтік саланы дамытуға қосқан үлесі айтарлықтай зор. Маңыздысы, ҮЕҰ әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға және шиеленісушілікті жоюға күштерін жұмылдыруда».

Қазақстандық ҮЕҰ-дың қызметі жөнінде теріс көзқарастағы мақалалар мен жарияланымдардың авторларымен пікірталасқа салынбай, қазіргі таңда өзара әрекеттестіктің нақты әдістері мен нысандарын анықтай отырып, мемлекеттік билік органдарындағы олар өкілдік ететін қоғамның мүдделерін білдіру бойынша ҮЕҰ-дың қызметін құқықтық реттеудің объективті қажеттілігі туындап отыр. Құқықтық реттеудің жаңа әрекет етуші құралы «Үкіметтік емес ұйымдардың мүдделік қолдау қызметі туралы» ҚР Заңы бола алады.

Лоббизм азаматтық қоғамның өзін-өзі ұйымдастыруды күшейту функциясын орындайды, көпшіліктің пікірін ғана қамтымай, азшылықты құрайтын топтарға өздері туралы еске салуға мүмкіндік береді, сонымен қатар басқарушылық процеске қысым жасаудың мүмкін жағымсыз салдарын біруақыттағы шектеумен сипатталатын «азаматтық лоббизм» ерекше назар салуды және зерттеуді талап етеді.

Қазақстанда әлеуметтік-еңбек қатынастары аясындағы әлеуметтік әріптестіктің ұйымдық-құқықтық механизмдері табысты қызмет атқаруда, бипартизм мен трипартизм тараптарының құқықтары, міндеттері мен жауаптылығы нақты қарастырылған, ұжымдық шарттар мен салалық келісімдер жасасудың жағдайлары белгіленген. Аталмыш тәжірибе қоғамдағы демократиялық процестерді дамытудағы ерекше ролін ескере отырып, ҮЕҰ аясына да енгізілуі мүмкін.

Қазақстандағы лоббизмді заңнамалық реттеу қажеттілігі туралы сарапшылардың ойлары бөлінді. Бір топ лоббизмге заңды қабылдау жолымен өркениетті сипат беру қажеттілігі туралы айтса, екіншісі лоббистерге құқықтық алаңда қызмет жасауға мүмкіндік беретін нормалар басқа заңнамалық актілерде бар болғанын айта отырып, заңның қажеттілігі туралы оймен келіспейді.

Кәсіпкерлік ассоциациялардың мүдделерін қамтитын нормативтік-құқықтық актілердің жобаларына міндетті түрде сараптама өткізу туралы орталық және жергілікті билік органдарының міндеттері бекітілген «Жеке кәсіпкерлік туралы» заңға сілтеме осылайша жасалады. Лоббизм туралы барлық көзқарастар мен жарияланымдарда тек кәсіпкерлердің мүдделік қолдау қызметі туралы сөз қозғалады. Іс жүзінде ҮЕҰ-ның мүдделік қолдау қызметі туралы қарастырылмаған, сондықтан азаматтық қоғамның бұл секторы мемлекеттік билік органдарымен өркениетті қатынастар орнатуға аса мүдделі деп ойлаймыз.

Лоббизмнің негізгі міндеті – мемлекет саясатына әр түрлі топтардың тікелей немесе жанама түрде әсер етуге мүмкіндік беретін билік органдары мен азаматтар арасында байланыстың тұрақты арнасын құру. Осындай топтардың белсенділігі азаматтық қоғамның даму деңгейін, халықтық өкілдіктің тиімділігін және саяси қатысушылық пен саяси мәдениеттің деңгейін көрсетеді [15].

Осылайша, «Лоббизм туралы» ҚР Заңын қабылдаудың көптеген талпыныстар табысты аяқталмағанымен, заң жобасының өзіндік моделі мен концепциясын әзірлеуді кейінгіге қалдырмау керек. «Азаматтық лоббизмді» құқықтық реттеуге объективті қажеттілігіне тек заң шығарушы органдарды ғана емес, қоғамды да дайындау мақсатында шетелдік заңнама мен оның қолданылу тәжірибесіне талдау жасау мен терең ғылыми зерттеулер қажет. Осы мақсат үшін ҚР Үкіметімен белгілі алғышарттар жасалды. Атап айтқанда, қазақстандық әрекет етуші ҮЕҰ-ның бірыңғай реестрі жұмыс жасайды. Аталған ҮЕҰ-ның құрамында еңбек пен азаматтық-құқықтық шарт негізінде жұмыс жасайтын және мемлекеттік органдарда қоғамдағы белгілі бір топтың

мүдделерін қолдау қабілетіне ие сарапшылар, кеңесшілер мен өзге де мамандар бар.

Заң жобасының негізгі концепциясы мүдделік қолдау қызметін заңдастыру, оны көлеңкелі сектордан шығару және оған ашықтық пен жариялылық беру болып табылады. Осы орайда, «азаматтық лоббистің» мәртебесін, оның құқықтары мен міндеттері, жауаптылығын және тіркеу тәртібін анықтау қажет. Орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы ҮЕҰ-ның мүдделік қолдау қызметіне көбірек ашықтық беріп, көлеңкелі «қысымға» тыйым салу мәселесіне айрықша көңіл бөлу қажет.

Қорытынды сөзде аталмыш заң қабылданған уақыттың өзінде де, дамыған мемлекеттер тәжірибесі көрсетіп жатқандай билік пен ҮЕҰ арасындағы өзара қатынастардың дағдылы орнатылуына алып келмейді.

### III. АДВОКАСИ ҚЫЗМЕТІН ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША ӘДІСНАМАЛЫҚ ҰСЫНЫМДАР

Адвокаси түсінігі (ағылш. advocate – қорғау, қолдау, жақтап сөйлеу) әр түрлі әлеуметтік топтардың қоғамдық мүдделерін қорғауды білдіреді. Бігінгі таңда адвокаси үкіметтік емес ұйымдардың мемлекеттік басқару қызметіне қатысудың тиімді әрі белсенді нысаны болып табылады.

Адвокаси, бір жағынан, әр түрлі әлеуметтік топтарға қатысты мемлекет саясатын өзгеруіне бағытталса (заңнаманы, бағдарламаны және құқық қолданушылықты өзгерту жолымен), екінші жағынан, нақты мәселеге немесе әлеуметтік теңдікті орнату мәселесіне қатысты теңсіздік пен жалған сенімді бекіткен идеяларға, құндылықтарға, қатынастар мен азаматтардың тәртібіне бағытталған.

Адвокаси нақты мәселеге қатысты шешім қабылдайтын тұлғаларға әсер ету мақсатында ауқымды адамдар тобын қамтитын ұйымдастырылған қоғамдық-саяси процесс болып табылады. Адвокаси биліктің транспарентті және есеп беретін институттарын қалыптастыруға және шешім қабылдау процесіне азаматтық қоғам институттарының қатысуын қамтамасыз етуге жағдай жасайды.

Жалпы алғанда, адвокаси процесі қоғамдағы жағымсыз (даулы) жағдайлар болған уақытта пайда болады, яғни адам құқықтарын бұзу, мемлекеттік басқару органдарының өкілеттіктерін теріс пайдалану, қоғамдағы мүдделер теңгерімсіздігі, әлеуметтік теңсіздік сияқты жағдайлар орын алған кезде.

Адвокасидің ерекше белгілеріне жатады:


- 1) Фокус (жұмыстың нақты бағыты);
- 2) Қалайтын өзгерістердің нақты көрінісі;
- 3) Жағымсыз/даулы жағдайды жоюға немесе мүдделер теңгерімін қалпына келтіруге бағытталған жоспардың (стратегия) болуы.

Адвокаси ҮЕҰ эволюциясының ең жоғары сатысы болып табылады, себебі қысқамерзімді міндеттерді шешу немесе өз бенефициарларына біржолғы қызметтерді көрсетуге емес, мәселені жүйелі шешуге және ұзақмерзімді нәтижеге қол жеткізуге бағытталған.

Осы орайда, адвокаси процесінің кезеңділігін сақтау керек.

#### **Адвокаси процесінің (адвокаси кампаниясы) құрылымы (кезеңдері)**

Адвокаси кампаниясы 3 жүйелі кезеңнен тұрады:



- 1) Дайындық кезеңі келесі шараларды өзіне қосады:
  - тақырып таңдау мен зерттеу сұрағын қою (күн тәртібіне қою);
  - мақсатты аудиторияны (бенефициарларды) анықтау;
  - негізгі әріптестерді таңдау;

- іс-әрекеттер жоспарын (стратегиялар) құрастыру.

2) Талдау жүргізу кезеңі келесі құрылымдық бөліктерді қамтиды:

- зерттеу әдіснамасын анықтау;
- ақпарат жинау мен оның талдауы;
- ҮЕҰ ішінде (жұмыс тобы, коалиция) талқылау;
- негізгі әріптестермен кездесу;
- қорытындылар мен ұсыныстар әзірлеу;
- талдау баяндамасын дайындау.

3) Жария жұмыс (имплементация) келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

- мақсатты аудиториямен кері байланыс;
- зерттеу нәтижелерін көпшіліктің арасында тарату;
  - шешім қабылдайтын тұлғалар арасында зерттеу нәтижелерін лоббилендіру;
- ақпараттық кампания;
- жария іс-шаралар;
- жария есеп беру.

### **Адвокаси процесі дайындық кезеңінің ерекшеліктері**

Адвокаси кампаниясының негізгі фазасының басталуына дейін айналасына негізгі әрекеттер шоғырланатын мәселе туралы көбірек ақпарат білу қажет:

- Адвокаси мақсатының тұжырымдамасы, мүдделі тараптардың талдауы мен баламалы шешімдер табу;
- Адвокаси кампаниясының жақтаушылары мен қарсыластарын анықтау;
- ҮЕҰ өздері дербес міндеттерін орындай алу мүмкіндігін немесе кампания беделін үшін коалицияның қажеттілігі туралы бағалау;
- Шешуді қажет ететін мәселенің болуы туралы шешім қабылдаушы тұлғалардың ойларын жинақтау.

Дайындық кезеңінде күн тәртібіне қоюды және мақсатты аудиторияны таңдау негізгі рөлге ие.

Кейді мәселені сәйкестендіру ең жеңіл кезең ретінде көрінеді. Бұл дұрыс болуы мүмкін, алайда негізгі мәселені дұрыс анықтамаған жағдайда, барлық адвокаси кампаниясы да сәтсіздікке ұшырауы мүмкін. Осы мақсат үшін, адвокаси қызметінде менеджмент жобасында секілді мәселелер кескіні қолданылады. Мәселелер кескіні негізгі мәселенің себеп-салдарлық талдауын жүргізуге мүмкіндік береді.

Бенефициарларды анықтаған уақытта, олар адвокаси кампаниясы нәтижесінде мүдделері жағымды қамтылатын адамдар тобын құрайтынын ескеру қажет. Олар адвокаси компаниясының салдарларын тікелей немесе жанама түрде сезінеді. Мақсатты аудитория қоғамдастықтың кең деңгейінде немесе нақты секторда ұзақмерзімді даму келешегінде жобаны/бағдарламаны/саясатты пайдаланатын адамдардан (ұйымдардан) тұрады.

Аталмыш кезеңнің негізгі элементіне іс-әрекеттер жоспарын құру (жұмыс стратегиясы) жатады, сонымен қатар өзін үшін жалғыз әрекет ету керектігін немесе адвокати мақсатына жетуге қатысуы септігін тигізетін мүдделі ұйымдарды тарту мәселесін шешу қажет. Осылайша, аталмыш кезеңде коалициялар пайда болады.

Бұл кезең барлық адвокати процесінің 35% уақытын алады.

### **Адвокати процесі талдау жүргізу кезеңінің ерекшеліктері**

Кез келген қоғамдық кампанияны жоспарлауға кіріспес бұрын зерттеме жүргізу қажет. Кез келген кампания нақты әрі дұрыс ақпаратқа, сандарға, мәліметтерге және олар шешуге күшін бағыттаған мәселенің мән-жайына негізделуі тиіс. Зерттемелер сан алуан түрлі болуы мүмкін және жағдайға, айналаға, халыққа, мәселенің бастапқы себептеріне байланысты талдауларды, мәселені шешумен кімнің және қалай айналысып жатқанын, мәселені шешу жолдарын, тіпті үрдістерді қамтуы мүмкін. Зерттеме немесе талдау жасаудың әдісін таңдау кампанияның мақсаты мен ауқымымен анықталады. Кампанияны жүргізу кезінде тек нақты ақпаратқа, оның ішінде статистикалық, және жете таңдалған мысалдарға сүйену қажет.

Талдау жүргізу кезеңінде ақпараттың барынша көп көлемін жинақтау маңызды. Ақпаратты/мәліметтерді жинақтау үшін бірқатар әдістер/құралдар бар:

- Мемлекеттік органдардың жиналыстары мен кеңестеріне қатысу;
- Қоғамдық мүддені білдіретін ақпаратқа сұрау салу (нақтырақ, статистика);
- Заңнама мен құқық қолданушылық тәжірибесінің талдауы;
- Ұлттық және жергілікті стратегиялардың талдауы;
- Шешім қабылдау процесінің талдауы.

Алынған мәліметтер сандық немесе сапалық сипатта болуы мүмкін. Мәліметтерді жинау коалиция бар болған жағдайда, оның өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру арқылы немесе үкіметтік емес сектордан электрондық пошта не сайтта арқылы пікір сұрау жолымен іске асырылуы мүмкін.


Қолда бар ресурстардың деңгейіне байланысты әлеуметтік зерттеулерде мамандандырылған институтпен шарт жасасуға болады. Пайдаланылған әдістер мен техникаларға қарамастан, зерттеме жергілікті деңгейдегі әлеуметтік мәселелер туралы анық ақпаратты ұсынуы тиіс.

Ішкі байланыс өзара келісілген шешім мен жалпы, нақты және берік хабарламаны (message) туғызатын, ҮЕҰ не коалиция шеңберінде өткізілетін қысқа мерзімді немесе уақытша келіссөздерге жатады.

Аталмыш кезеңнің басқа кезеңдерден айрықша белгісі оның барлық адвокати процесінің ең көп уақыты мен күш-жігерін (50% жуық) алатындығы болып табылады. Сонымен қатар, белгілі бір мәселеге қатысты ақпарат үнемі өзгере алатындығын ескеретін болсақ, бұл кезең барлық адвокати процесінің уақытына созылуы мүмкін.

Бұл кезең тұжырымдалған қорытындылар мен ұсыныстарды қамтитын талдау баяндамасын дайындаумен аяқталады. Аталмыш құжаттың мазмұны дәлелдер мен мәліметтерді түсіндірудегі негізділік пен қисындылыққа негізделіп құрастырылуы тиіс.

### Талдау баяндамасының (есепі) құрылымы



### Имплементация кезеңінің (адвокаси жария жұмысының) ерекшеліктері

Бұл кезең сыртқы сендіру мен зерттеме нәтижелерін лоббилендіруді қоса алғанда, адвокаси мақсаттарына жетуге бағытталған.

Қорытынды кезеңде кампанияға көпшілік қатысатын іс-шараларға, әсіресе ақпараттық кампанияларға айтарлықтай көңіл бөлу қажет. Мысалы, бағдарламалық ресурстар мен нәтижелерді кең талқылауға салу үшін әлеуметтік желілерде интернет-платформаны ұйымдастыру (жақтаушыларды тарту үшін өзіндік платформаны ұйымдастыру, қоғамды ақпараттандыру, шешім қабылдайтын тұлғаларға ықпал ету мақсатында).

Бұл кезең адвокаси процесі үшін шешуші кезең болып табылады. Осы кезеңде ұйым барлық күшін өзінің мақсаттары мен идеяларын тарату мен лоббилендіруге белсенді түрде жұмсайды. Бұл кезең уақыты бойынша ең қысқа болғанымен (15%), барлық күш-жігердің басты табысы бұл кезеңге тәуелді.

### Жария іс-шаралардың түрлері



## Ақпараттық кампаниялардың құралдары



Негізінде, адвокати процесі жария, айқын әрекетті білдіреді. Тіпті билік өкілдерімен тікелей кездесулердің өзі пресс-релиз, пресс-конференция мен т.б. арқылы жариялануы тиіс. Жария арена арқылы билік өкілдері мен қалған тартылған тұлғалармен байланыс орнату стратегиясына қол жеткізуге болады. Осылайша, басылған немесе аудио/видео жолдауларын қолдауды қоса алатын ақпараттық кампанияларды пайдаланғаныңыз жөн. Ақпараттық кампаниялар көбінесе қоғамдық-тәртіптік сипаттағы кампаниялармен үйлесіп кетеді. Ақпарат құралдары конфронтация стратегияларында да, ынтымақтастық стратегияларында да қолданылуы мүмкін.

БАҚ-мен қызмет қатынастарын құру үшін келесі 10 ережені қатаң түрде сақтау қажет:

1. **Өз ақпаратыңызды «сатуға» тырысыңыз.** Ақпаратыңыз «тауарлы» сипатта болуы үшін, ол қысқа әрі түсінікті болуы тиіс;

2. **Жаңалықты уақтылы беріңіз.** Ақпарат жаңалыққа айналуы үшін ол уақтылы берілуі тиіс (журналистер «уақыты өтіп кеткен тауарды» қабылдамайды);

3. **Визуалды түрде ойланыңыз.** Оқиғаны фотосурет немесе қозғалатын бейнеден артық ешкім сипаттай алмайды;

4. **Мақсатты аудиторияны ескеріп жүріңіз.** Өзіңізге үнемі «Көрермен/оқырманның құндылықтары қандай?» деген сұрақты қойып жүріңіз (ақпарат құндылықтар жүйесін немесе қоғам мәдениетін бұзбауы тиіс);

5. **Көшірмеңіз.** БАҚ-на басқалармен сатылған ақпаратты немесе тақырыпты пайдаланбаңыз, солай жасаған жағдайда сіз үнемі екінші орында боласыз. Өзіндік хабарлама жасау үшін өз қиялыңызға жүгініңіз;

6. **Журналистерді таңдаңыз.** Лайықты журналистерді тауып, олармен қатынас орнатыңыз, бүгінгі күн бойынша тақырыбыңыз болған уақыттың өзінде журналистермен байланысыңызды үзбеңіз.



7. **Журналисттердің күн тәртібін назарға алыңыз.** Журналисттердің кестесі мен қызығушылық аяларын біліп, олардың жақсы көретін тақырыптарын білуге тырысыңыз.

8. **Ықшамды болыңыз.** Журналисттердің уақыты үнемі аз. Сіз мәселенің егжей-тегжейіне берілсеңіз, олардың сізді тыңдауға шыдамы жетпейді.

9. **Жылы шырай танытыңыз.** Журналистермен қойылған әрбір сұраққа жауап беріп, жауапты кейінге қалдырмауға тырысыңыз.

10. **Берген уәденізді орындаңыз.** Егер сіз прессаға қанда да бір тақырыпты беруге уәде етсеңіз, оны кейінгіге қалдырмаңыз (немесе сіз сенімді жоғалта аласыз).

Адвокаси компаниясын табысты өткізудің алғашқы қадамы талқыланып жатқан нақты мәселемен тығыз байланысты қысқа хабарламаларды дамыту болып табылады. Бұл хабарламалар жұртшылықтың назарына ілінуі жне олардың мақұлдануына алып келетін эмоционалды түрдегі жүйелі көріністерді беруі тиіс.

Адвокаси кампаниясы қаншалықты қиын әрі көптеген техникалық бөлшектерді өзіне қосса, соншалықты хабарламаны дамыту кезеңі маңызды әрі қиындатылған болып табылады. Азаматтар үшін таңдалған белгілі бір мәселе не себпті маңызды болып табылатындығын түсіндіріңіз. Қарапайым хабарламаларды табу аса қиын емес. Мақсатты топтың назарына іленетіндей, бірде-бір ұйым өзінің көзқарасын нақты білдірмесе, ұтқан жақтың қатарында болмайды.

Әрбір адвокаси кампаниясы Үкімет пен Паламент өкілдерін, коалиция мүшелерін, БАҚ мен жұртышылықты сендіру мақсатында пайдаланылатын негізгі белгілі бір хабарламаларға ие. Оларды дамытып, үнемі қайталап жүріңіз, олардың жеткілікті түрде көп рет пайдаландыңыз дегенді айтуға болмайды.

**Табысты хабарламалар:**

- жай (әдеттегідей, екі сөйлемнен көп болмайды);
- бір нақты идеяны құрайды;
- мақсатты топтар үшін мәні бар идеялар мен амалдарды қамтиды;
- қоғам айнасы болып табылады.

Осы кезеңде біліктілік, табандылық пен сендірушілікті білдіру маңызды, себебі бұл кезең көп жағдайларда шешім қабылдайтын тұлғалармен тікелей байланысты көздейді.

#### IV. ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ

Қазақстан Республикасының Конституциясында азаматтардың қоғам үшін маңызды шешімдерді қабылдау процесіне қатысушылығына кепілдік беретін негізгі нормалары мен принциптері бекітілген.

Қазақстан Республикасы қызметінің түбегейлі принципінің біріне мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен шешу жатады. Негізгі Заң мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы ретінде халықты бекітеді, халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді.

Осылайша, мемлекеттік органдар халық билігінен пайда болатын өкілеттіктерді жүзеге асырады. Сондықтан әрбір азаматтың атынан жауап беретін халық мемлекеттік органдардың қызметіне қатысу және олармен қабылданатын шешімдерге әсер ету құқығына ие.

Сайлау мен референдумды қоса алғанда, шешім қабылдау процесіне азаматтардың қатысуының тиімді механизмдерінің бірі қоғамдық бақылау институты болып табылады. Оған қоса, билік өкілеттіктерін теріс пайдаланудың түрлері мен коррупцияға қарсы әрекет жасаудың сенімді құралы ретінде көріну қабілеті оның айрықша белгісі болып табылады.

**Қоғамдық бақылау** азаматтық қоғамның қасиеті және оның негізгі функцияларының бірі ретінде көрініс табады. Қоғамдық бақылауды іске асыру кезінде қоғамның және оның жекелеген индивидтері, топтары мен институттарының заңды қызметінің стандарттары қалыптастырылады. Қоғамдық бақылаудың негізгі белгілеріне келесілері жатады:

Біріншіден, ол қоғамды және оның желеген институттарын басқару нысаны ретінде көрінеді (еңбек, мемлекеттік қызметтер, әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік және заңды жауапкершілік т.б.).

Екіншіден, қоғамдық бақылау әр түрлі әлеуметтік топтар мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ететін және аталған мүдделер бойынша дауларды болғызбаудың маңызды құралы болып табылады (мысалы, дін негізінде).

Үшіншіден, қоғамдық бақылау жедел мәселелерді шешу үшін қоғам күштерін жұмылдыру мен үйлестіру әдісі болып табылады (қоғамдық бірлестіктер, федералды және аймақтық қоғамдық палаталардың қызметі мен олардың билік өкілдеріне тәжірибелік ұсыныстарды жасауы) [16, с.106].

Төртіншіден, қоғамдық бақылау әлеуметтік нормаларды орындаудың кепілгері ретінде көрінеді, себебі құқық бұзушыларды анықтап, оларды қоғамдық жазғырудан бастап, құқық бұзушыларға мәжбүрлеу сипатындағы шараларды қолдану арқылы көрініс табатын құқықтық жауаптылықпен аяқталатын қоғамдық жауаптылыққа тарту механизмін қалыптастыруға мүмкіндік береді (мысалы, азаматтардың мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жолдауларды қарастыру нәтижелері бойынша). Қоғамдық бақылау адам құқықтарын жүйелі, дөрекі және жаппай бұзу

фактілерін анықтауға мүмкіндік береді. Бір уақытта, аталмыш бақылау дәлелдеу базасын жинау үшін тиімсіз болып табылады. Осындай жағдайларда, арнайы әдістерді қолдану арқылы қосымша тексеріс өткізу қажеттілікке айналып отыр.

### **Шетелдік тәжірибе**

Шетелдік тәжірибе жария биліктің ашықтығы мен мемлекеттік басқаруда азаматтардың кең қатысуы сияқты қағидаларды қосатын қоғамдық бақылаудың тарихи мақұлданған құқықтық және мәдени негіздері туралы көрсетеді [17]. АҚШ пен Еуропа мемлекеттерінде олар заңды түрде мемлекет тарапынан ақпаратты ашу, азаматтық КЕҰ, кеңестер, атқару билігі органдарының қарамағындағы комитеттер тарапынан бақылау туралы арнайы актілермен қамтамсыз етіледі. Еріктілердің қозғалысы, қоғамдық бастамалар, сайлаулар, талқылаулар, петициялар, сараптамалар мен журналистік зерттемелер маңызыды орынға ие. Әлемдік қоғамдастықта қоғамдық бақылаудың интернет-жобалары мойындалуда. Мысалы, АҚШ-тың Ақ Үйінің ресми сайтында петицияларға арналған Wethepeople бөлімі бар [18].

Еуропа Одағында қоғамдық бақылаудың негізгі төрт нысаны қалыптастырылды:

1) **қоғамдық пікірді сұрастыру, петициялар мен қоғамдық бірлестіктердің, одақтардың ұсыныстарына қол қоюмен т.б.** Мысалы, 2012 жылдың мамыр айынан бастап петиция, ұйымдасқан неесе құқықтық ұсынысты Еурокомиссияның қарауына жіберетін «Еуропалық азаматтық бастама» (The European Citizens Initiative) әрекет етуде. Шарты – жалпы еуропалық деңгейде өкілеттіктерге ие мемлекет-қатысушылары бар облыстағы ЕО халқының төрттен бір бөлігін құрайтын, кем дегенде бір миллион азаматтардың қолдауы. «Кейін Комиссия ұсынысты не қабылдайды, не одан бас тартады. Қазіргі уақытта қабылданған жобалар бас тартылған жобалар санынан асады. Алғаш рет бір миллион қол қоюды 2013 жылы наурызда су мен канализацияны адам құқықтарына қосуды талап еткен «Суға құқық» атты жобасы жинады» [19].

2) **қоғамдық консультациялар:** үкіметтік немесе муниципалды жобаларды талқылайд және бағалайды. Олар шенеуіктер мен олардың пікірі ескерілісін деген тілекпен азаматтар тарапынан ұйымдастырылуы мүмкін. Қоғамдық консультациялар барлық мүдделі тараптардың қоғамдық кездесуге жиналуы арқылы көрініс табатын ашық нысанда және жұртышылық өкілдерінің қатысуымен жабық нысанда, жазбаша нысанда немесе Интернет нысанында өтуі мүмкін. Бұл жанрдың ерекшелігі – шешім қабылдаудың белгіленген мерзіміне орайластырылған талқылау уақытының шектеулігі.

3) Соңғы жылдары батыс саяси және басқарушылық тәжірибесінде Интернет желісінде қоғамдық бақылауды жүзеге асырудың **коллаборация** сияқты нысаны кең тарала бастаған (ситуациялық бірлескен әрекеттер). Бір-бірімен таныс емес азаматтар мәселені талқылап, әр түрлі бағаларды, ұсыныстар мен шешімдерді ұсынады. Коллаборациялар басқа қолданушыларға қатысты ашықтықты талап етеді, бір уақытта ұжымдық пен компромисстік шешімдерді білдіреді: өз ақпаратына иек артатын

қорытындыларға өздері келетін адамдардың шешімдерін құрай отырып, олар әрекет етеді.

Жүйелі рәсім ретінде коллаборация белгілі бір шарттарды талап етеді: ұжымдық ой-өрістен артық болатын жүйенің болуы, қажетті құзыреттері мен маңызды ынталандырулары бар белсенділердің қажетті саны мен талқылау ашықтығы.

Коллаборация қатысушылықты (партиципацияны) мемлекетке қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға ауыстырмайды. Бұл қоғамның өзінің мәселелерін оңтайлы шешу мақсатындағы қоғамдық бақылау болып табылады. Коллаборативті шешімдердің құндылығы – олардың кез келген түрдегі мәселеге қолданушылығында және қоғамдағы Интернеттің мағынасында, олардың ашықтығы мен қозғалмалылығында. Бүгінгі таңда билік органдары алдында тұрған әлеуметтік мәселелер бір ведомство немесе агенттіктің шешімдері үшін күрделі әрі көлемді. Мамандардың шектелмейтін санын біріктіретін коллаборация мәселелерді шешуді қарапайым, тиімді әрі арзан етеді. Жария басқарушылық жүйесінің шеңберінде мәселелерді тиімді шешуге көмегін тигізіп, ол қоғамдық (мемлекеттік) міндеттерді шешуге көпшілікті тартады, оларды бір уақытта қоғамдық бақылаудың объектісі мен субъектісі ретінде көрсетеді, қатысудың уәждемесін талап етіп, оның қайнар көзі болып табылады.

Әлеуметтік желілер қолданушыларды ұжымдық шешімдерді қабылдау үшін ерекше ынталандырудың болуымен, саяси және әлеуметтік шешімді қажет ететін міндеттер айналасына бірігумен байланыстырады. Соңғы жылдардың оқиғалары саяси өмірдің сын кезеңінде коллаборациялардың маңызды рөлін анық көрсетті (сайлаулар, революциялар және т.б.). еріктілердің желісі, көмек топтары мен т.б. әлеуметтік процестерге әсер ете алады. Осы орайда Интернет желісінің басқарушылық процестерге араласуы үнемі конструктивті болмайды. «Шексіз мүмкіндіктер мен бостандықтардың қайнар көзі ретінде Интернет туралы идеалистік көріністер біртіндеп жетілген рефлексиялармен алмасып жатыр. Ақпаратқа шексіз қолжетімділікті бере отырып, Интернет желісі ақпараттық шу мен қоқыстың көбеюіне жылдам әкеліп соғады. Интернет өзін үнемі екіжақты қырынан көрсетеді – бір уақытта адамзат қоғамы құндылықтарының бекітеді де, оларды жояды да»[19].

4) **дискуссиялық алаңдар мен форумдар** (конференциялар, азаматтық төрешілер т.б.) қоғам өкілдері, сарапшылар мен шенеуіктермен әр түрлі саяси мәселелер бойынша бірлесіп шешім қабылдау үшін арналған. Мысал ретінде, Еуропалық Одақ саясатын қалыптастыруға қалай қатысуға болатынын көрсететін Your voice in Europe ресурсы [19]. АҚШ пен Батыс Еуропадағы қоғамдық талқылаулардың даму тәжірибесі олардың көмегімен жобадан бас тарту кезін де қоса алғанда, шешімдердің айғақтылығы айтарлықтай жоғарылайтындығын көрсетеді;

5) **әлеуметтік желілер арқылы интерактивтік диалог** әр түрлі билік органдары мен қоғамдық ұйымдар арасында. Мысал ретінде, 39 сарапшы мемлекеттерден тұратын әріптестік желіні, қоршаған ортаны және жеке

азаматтарды қорғау бойынша 300 жуық ұлттық агенттіктерді өзіне қосатын қоршаған орта туралы ақпарат пен оны қорғау бойынша Еуропалық желісі.

б) Қазіргі мемлекеттердің бірқатарында жария билік органдары қарамағындағы **қоғамдық кеңестер қызметін институционализациялау** процесі жүзеге асуда. Ресейлік Қоғамдық палаты секілді ұйымдар кең танымалдылыққа ие болуда. Оның аналогтары көптеген мемлекеттерде бар: Францияда – әр түрлі кәсіби топтардың өкілдерінен тұратын Әлеуметтік және экономикалық кеңес, Голландия, Австрия мен Өзбекстанда КЕҰ мен азаматтық қоғамның өзге де институттарын қолдаудың Қоғамдық қоры құрылды, Арменияда Қоғамдық кеңес [20].

Әдеттегідей, Еуропада қоғамдық заң шығарушылық бастамалар көбінесе жергілікті деңгейде, кейде ұлттық деңгейде референдум арқылы немесе тар шеңберде мамандандырылған мәселелер бойынша жүзеге асырылады. Мысал, Швейцария бұл нысанды белсенді түрде пайдаланып келеді: 1848 жылдан 2008 жылға дейін федералды деңгейде 162 референдум өткізілді. Қоғамдық бақылаудың әрекет етуші нысаны журналистік зерттемелер болып табылады, әсіресе АҚШ-та. Жоғары нәтижелілікті көрсете отырып, журналистік зерттемелер БАҚ-тың қарапайым тәжірибесіне айналып кетті. 1980 ж.соңы мен 1990 ж. басында Италиядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте журналистік әшкерелеу жұмыстары маңызды рөлге ие болды.

Мемлекеттердің көбінде қоғамдық бақылаудың нысандары ретінде кең түрдегі таралып жатқан дәстүрлі жария азаматтық акциялар, оның ішінде жиналыстар, шерулер, митингілер, пикет қою, ереуілдер және т.б. көрініс табады.

Қоғамдық бақылаудың маңызды нысандары ретінде шенеуіктер мен депутаттарды қызметінен кері шақырып алу және шеттету, жария билік органдарын тарату институттары мойындалды.

Шет елдерде азаматтық вето немесе аброгативті референдум танымалдылыққа ие болуда. Азаматтық вето – референдумда дауыс беру арқылы жария билік органдарының қабылдаған құқықтық актілерін немесе олардың жекелеген нормалары мен ережелерін қабылдамау мүмкіндігін беретін тікелей демократияның институты [22].

Қоғамдық бақылаудың іске асырудың жоғарыда аталған мысалдарын Қазақстанда да қолдануға орынды деп ойлаймыз, оған қоса олардың кейбіреуі Интернет-ресурстарын белсенді түрде қолданып жүр. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы қоғамдық бақылаудың институционализациясы жолы арқылы өткенін және қазіргі уақытта қоғамдық бақылауды заңнамалық қамтамасыз етуде айтарлықтай тәжірибе жинақталғанын атап өту керек.

### **Қазақстан Республикасының тәжірибесі**

Қазақстанның заңнамасына сай («Қоғамдық кеңестер туралы» ҚР Заңының 17-бабы), қоғамдық бақылау субъектілерінің қоғамдық мониторинг, қоғамдық тыңдау, қоғамдық сараптама және мемлекеттік орган жұмысының нәтижелері туралы есепті тыңдау нысандарында жүзеге асырылатын, қоғамдық мүдделерді қорғауға бағытталған қызметі қоғамдық бақылау деп түсініледі.

Қоғамдық кеңестер, сондай-ақ қоғамдық кеңестердің тапсырмасы бойынша коммерциялық емес ұйымдар, азаматтар қоғамдық бақылау субъектісі болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында қоғамдық бақылау институтын тәжірибелік іске асыру үшін тиімді институционалды-құқықтық негіз қалыптастырылған. Бұл істе үлкен рөлге Елбасының Ұлт жоспары – 100 нақты кадам, оның ішінде транспарентті және есеп беретін мемлекеттік қалыптастыруға бағытталған бесінші реформа ие болды. Сыртқы тәуелсіз аудит міндеттілігі, жариялылық, қоғаммен кері байланыс, басшылардың жеке жауапкершілі сияқты қағидаларға негізделген мемлекеттік басқару органдарының жұмысын бағалаудың жаңа жүйесі енгізілген.

1. «Қоғамдық кеңестер туралы» ҚР-ның 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V Заңына сәйкес, қоғамдық кеңестер институты қоғамдық бақылаудың жаңа тиімді құралдарын иеленді. Қоғамдық кеңестер автономды және дербес болып табылады.

Заң қоғамдық кеңестегі азаматтық қоғам өкілдерінің саны оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісін құрауға тиістігін бекітеді.

Қоғамдық кеңестердің ұсыныстары Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шешімдерді қабылдайтын және уәжді жауаптар беретін мемлекеттік органдардың қарауы үшін міндетті болып табылады.

Қоғамдық кеңестер кең шеңбердегі өкілеттіктерге ие:

1) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының жобаларын, стратегиялық жоспарлардың немесе аумақтарды дамыту бағдарламаларының жобаларын, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың жобаларын талқылау;

2) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының, стратегиялық жоспарлардың немесе аумақтарды дамыту бағдарламаларының, мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың орындалуын талқылау;

3) атқарушы органдардың нысаналы индикаторларға қол жеткізуі туралы есептерін талқылау;

4) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуы туралы, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстары жоспарларының орындалуы туралы, қайырымдылықтан түсетін ақшаның түсуі мен жұмсалуды туралы есептерін талқылау;

5) азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және талқылауға қатысу;

6) қызметтік әдеп нормаларының сақталуын қоса алғанда, мемлекеттік басқаруды жетілдіру және мемлекеттік аппараттың ашық жұмысын ұйымдастыру мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу және оларды мемлекеттік органдарға енгізу және т.б.

Заң қоғамдық бақылаудың нысандарын анықтайды: қоғамдық мониторинг, қоғамдық тыңдау, қоғамдық сараптама мен мемлекеттік орган жұмысының нәтижелері туралы есепті тыңдау.

**Қоғамдық мониторинг** қоғамдық бақылау субъектілері тарапынан мемлекеттік органдардың қызметін байқауды білдіретін қоғамдық бақылау рәсімі болып табылады.

**Қоғамдық тыңдау** ретінде «Қоғамдық кеңестер туралы»ҚР Заңының 5-бабы 1-тармағының 1), 5) және 6) тармақшаларында көзделген мәселелерді, сондай-ақ мемлекеттік органдардың қоғамдық маңызы бар шешімдерін олардың қоғамдық мүдделерге сәйкестігі мәселесі бойынша жария талқылау үшін жиналыс өткізу арқылы жүзеге асырылатын қоғамдық бақылау рәсімі түсініледі.

**Қоғамдық сараптама** - азаматтардың өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтау, сондай-ақ жеке тұлғалардың, елді мекендердің және өндірістік объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жағымсыз факторларды болғызбау жөніндегі қоғамдық мүдделерді сақтау тұрғысынан зерттеу, талдау және бағалау үшін арнайы білімді және (немесе) тәжірибені қоғамдық бақылау субъектілерінің пайдалануына негізделген қоғамдық бақылау рәсімі.

Мемлекеттік орган жұмысының нәтижелері туралы есепті тыңдау дегеніміз қоғамдық бақылау рәсімі болып табылады және Қоғамдық кеңестің отырысында «Қоғамдық кеңестер туралы»ҚР Заңының 5-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген мәселелер бойынша мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және олардың лауазымды адамдары қызметінің нәтижелерін жария талқылауды білдіреді.

Қазіргі уақытта Қоғамдық кеңестер барлық министрліктері, ҚР Үкімет құрамына кірмейтін, ҚР Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін орталық атқарушы органдары, сонымен қатар «Қоғамдық кеңестер туралы» ҚР Заңының 1-бабы 1-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдарды қоспағанда, олардың құзыреттері шегіндегі мәселелер бойынша жергілікті мемлекеттік басқару органдары жанынан құрылған [23].

2. «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» ҚР-ның 2013 жылғы 4 шілдедегі № 129-V Заңына сәйкес, 2013 жылдан бастап **Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы** құрылып, қызмет атқаруда. Ұлттық палата жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қамтитын Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері мен халықаралық шарттарының жобаларын әзірлеу мен сараптама жүргізу өкілеттіктеріне заң жүзінде ие.

«Құқықтық актілер туралы» ҚР Заңының 51-бабына сай, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің қоғамдық мониторингін жүргізеді. Қоғамдық мониторингтің нәтижелері Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ресми интернет-ресурсына жыл сайын орналастырылады.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» ҚР Заңының 10-бабы Ұлттық палатаның қоғамдық мониторинг саласындағы функцияларын бекітеді. Қоғамдық мониторингті жүзеге асырудан басқасы, Ұлттық палата:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың кәсіпкерлік мәселелері бойынша қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстарды енгізеді;

2) мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқару тиімділігіне бағалау жүргізуге қатысады;

3) "Іскерлік ахуал" тәуелсіз рейтингін дайындауды және жүргізуді тұрақты негізде жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік белсенділіктің жай-күйі туралы жыл сайынғы ұлттық баяндаманы дайындау және жариялау арқылы қоғам мен мемлекетті кәсіпкерлік белсенділіктің жай-күйі туралы ақпаратпен қамтамасыз етеді;

5) Ұлттық палата мемлекеттік органдардың және (немесе) мемлекеттік қызметшілердің кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауы туралы ақпаратты жинауды, қорытуды және талдауды тұрақты негізде жүргізеді. Жүргізілген талдау нәтижелері Қазақстан Республикасының Үкіметіне және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберіледі. Жылдық қорытындылар бойынша жүргізілген талдау нәтижелері Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік белсенділіктің жай-күйі туралы жыл сайынғы ұлттық баяндама құрамында Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізіледі.

3. Республикада әрбір азамат пен азаматтардың белгіленген шеңберінің құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша заң жүзінде функцияларға ие болатын қоғамдық комиссарлардың рөлдерін атқаратын уәкіл тұлғалардың (омбудсмен) жүйесі қалыптасқан.

Ең алдымен, адам құқықтары бойынша уәкіл тұлғаны атап өту қажет. Бұл қызмет «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметін белгілеу туралы» ҚР Президентінің 2002 жылғы 19 қыркүйектегі N947 Жарлығымен енгізілді. Заңнамаға сәйкес, омбудсмен ҚР Парламентінің Комитеттерімен консультациясынан кейін ҚР Президентімен тағайындалады. Бұл рәсім омбудсменнің Қазақстан Республикасында жоғары қоғамдық-саяси мәртебесін көрсетіп, омбудсменді талқылау және тағайындау рәсіміне ҚР Парламенті мен Президентінің қатысуын қамтамасыз етеді. Омбудсмен өкілеттіктерінің мерзімі заңнамада бекітілген және бес жылды құрайды, оның өкілеттік мерзімі тәуелсіздігінің бір кепілі ретінде қарастырылады. Омбудсмен өкілеттіктерінен мерзімінен бұрын тек ҚР Президенті босатуы мүмкін және босату негіздері заңнамада реттелген [24].

Омбудсмен адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының орындалуына бақылау жүргізеді және өз өкілеттіктері шегінде адам мен азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру бойынша шаралар жүргізеді, оның ішінде:



1) лауазымды тұлғалар мен ұйымдардан шағымдарды қарау үшін қажетті мәліметтер сұрату [25];

2) мемлекеттік органдардың, өзге де ұйымдар басшыларының және басқа да лауазымды тұлғалардың кідіріссіз қабылдауында болу;

3) Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың шағымдарын қарау нәтижелері бойынша, сондай-ақ олардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы туралы ақпаратты өзге жолмен алған кезде осы мәселелер бойынша парламенттік тыңдаулар өткізу ұсынысымен Парламент палаталарына жүгіну;

4) адамның және азаматтың құқықтарының бұзылуымен байланысты анықтауға жататын мән-жайлар бойынша қорытынды дайындау үшін сарапшылық және консультативтік жұмыстарды орындауға шарт негізінде ұйымдар мен мамандарды тарту;

5) қызметтік куәлігін көрсетіп мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, соның ішінде әскери бөлімдер мен құрамалардың аумағына және үй-жайларына кіруге және ол арада болуға, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарына баруға, оларда ұсталатын адамдармен кездесіп, әңгімелесу;

6) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзған лауазымды тұлғаға қатысты тәртіптік немесе әкімшілік іс жүргізуді не қылмыстық іс қозғау туралы қолдаухатпен уәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға жүгіну;

7) жүргізілген тексерулер нәтижелері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында ресми хабарламалар жариялау.

Уәкіл тұлғалар (омбудсмен) жүйесіндегі келсе маңызды институт баланың құқықтары бойынша уәкіл болып табылады.

Бұл лауазым «Қазақстан Республикасында Бала құқытары жөніндегі уәкіл институтын құру туралы» ҚР Президентінің 2016 жылғы 10 ақпандағы №192 Жарлығымен пайда болды.

Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында баланың құқықтары жөніндегі уәкіл келесі өкілеттіктерге ие [26]:

1) баланың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына қатысты өтініштерді және баланың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзатын орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдардың, кәсіпорындардың, олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне немесе әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарайды;

2) баланың бұзылған құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін кедергісіз іске асыруға және қалпына келтіруге жәрдем көрсетеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді;

4) білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау, қорғаныс, мәдениет және спорт жүйелерінің мемлекеттік органдары мен ұйымдарына, сондай-ақ кәмететке толмағандар ұсталатын қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріне баруға кедергісіз қол жеткізеді;

5) баланың құқықтарымен айналысатын мемлекеттік және қоғамдық институттардың құжаттарына кедергісіз қол жеткізеді.

Ақыр аяғында, **Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл (бизнес-омбудсмен)** институты да аса маңызды болып табылады [27].

«Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» ҚР-ның 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Заңы Бизнес-омбудсменнің құқықтық мәртебесі, функциялары, тағайындау тәртібі мен міндеттері туралы, сонымен қатар оның қызметін ұйымдастыру туралы айтылған.

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚР Кәсікерлік кодексі күшіне енді, онда 28 тарау Бизнес-омбудсменнің құқықтық мәртебесі туралы егжей-тегжейлі қамтылған.

Бизнес-омбудсмен – Қазақстан үшін жаңа институт. Оның жоғары мәртебесі мен кең өкілеттіктері қазақстандық бизнестің жүйелі мәселелерімен, шенеуіктердің бассыздықтары мен заңнаманың жетілмегендігімен тиімдірек күресуге мүмкіндік береді.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» ҚР Заңының 26-1 бабына сай, Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде айқындалады. Оның қызметі Ұлттық палатамен қамтамасыз етіледі.

Бизнес-омбудсмен кең өкілеттіктерге ие:

1) мемлекеттік органдарға кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау жөніндегі ұсыныстар, сондай-ақ заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді тоқтата тұру жөніндегі ұсынымдар енгізеді;

2) кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) бұзған мемлекеттік органдарға (лауазымды адамдарға) бұзылған құқықтарды қалпына келтіру үшін шараларға, оның ішінде кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына кінәлі тұлғаларды жауаптылыққа тартуға қатысты ұсынымдар жібереді;

3) мемлекеттік органдардың пікірімен келіспеген жағдайда кәсіпкерлердің бұзылған құқықтарын одан әрі қалпына келтіру мақсатында прокуратура органдарына өтінішхат жібереді;

4) мемлекеттік, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, мемлекеттік органдардан (лауазымды адамдардан) кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін қозғайтын ақпаратты, құжаттарды және материалдарды сұратады;

5) бизнес-қоғамының атынан белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді;

б) кәсіпкерлік субъектілерінің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған өзге де заңды шараларды қолданады.

## V. АЗАМАТТАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІН ҚАРАУ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ

Өтініштермен жұмыс жасау азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудің, сонымен қатар халықпен байланыс орнатуды қолдаудың маңызды нысандарының бірі болып табылады.

Мемлекетке, мемлекеттік органға өтініш беру құқығы мемлекеттің іс-әрекетіне (жазалау не қарсы шара қолдану қатерінсіз) шағымдар немесе өтініштер беру құқығын құрайды. Кейбір зерттеушілердің пікірінше азаматтардың ең алғашқы саяси құқықтарының бірі болып табылатын өтінішті беру құқығының тарихи тамырлары Ұлы Еркіндік Хартиясында жатыр. Ұлы Еркіндік Хартиясы – Англия Корольдігінің 1215 жылы құрастырылған жазбаша құқықтық актілердің бірі [28, 508-521 б.]. Билеуші тағына немесе Парламентке шағыммен жүгіну құқығы XIII ғасырда Эдуард королінің билігі тұсында қарастырылды.

Өтініштерді (шағымдарды) беру еркіндігі заңи түрде бекітілуі АҚШ Конституциясына бірінші түзету уақытында (1789 ж.) орын алды. АҚШ Конституциясына бірінші түзетуде бес бостандық немесе құқық – дін, сөз, баспа, жиындар мен өтініштер айқындалды [29, 73-75 б.].

Өтініштерге қатысты бірінші түзету бөлімін өтініштер туралы Ереже деп атайды, онда адамдардың мүдделері қозғалатын қандай да бір саясатты қолдау не оған қарсы болуға байланысты адамдардың мемлекетке өтініш (шағым) беру құқығына ие екендігі көрсетілген. Бұл нақты бір ережені қолдау үшін қолдар жинау құқығын және оларды заң шығарушы органдарда лоббилендіруді қамтиды.

Ұлы француз буржуазиялық революциясы уақытындағы (1791 ж.) Француз Конституциясында да өтінішпен жүгіну құқығы бекітілген [30, 97-110 б.].

Өтініш (шағым) жасау құқығы бойынша, оның ішінде бұл аядағы жетістіктер мен кемшіліктер туралы қамтылатын бірқатар зерттеулер бар. Соңғы жылдар ішінде бұл салада посткеңестік мемлекеттердің талдамалы зерттеулеріне негізделген бірқатар инновациялар көрініс тапты [31, 76 б.].

«Өтініштерді жолдаудың электрондық жүйесі» деп аталатындар ең алғаш рет 1999 жылы Шотландия парламентімен енгізіліп, кейін бірқатар өзге мемлекет парламенттерімен және мемлекеттік органдарымен қабылданды:

- 1) Германия бундестагы;
- 2) Австралия штаты Квинслендтің парламенті;
- 3) Ұлыбритания;
- 4) Мемлекеттік органдарға қолжетімділік пен олардың қатысуын қамтамасыз ету мақсатында әлемнің басқа да бөліктерінде [32].

Жеке және заңды тұлалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы келесідегілерге негізделеді:

- 1) ҚР Конституциясы;

2) «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» ҚР Заңы және өзге ҚР нормативтік-құқықтық актілеріне (Астана, Ақорда, 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221-III ҚР Заңы);

3) Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарт. Егер аталған халықаралық шарттағы ережелер «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» ҚР Заңында көрсетілген ережелердей болмаған жағдайда, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» ҚР Заңына сәйкес (2015 жылғы 4 желтоқсандағы, 2016 жылғы 30 қарашадағы, 2017 жылғы 6 мамырдағы өзгерістер мен толықтырулармен)[33] жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау мен байланысты құқық қатынастарын реттеудің басты принциптері болып табылады:

- 1) заңдылық;
- 2) өтініштерге қойылатын талаптардың бірыңғайлылығы;
- 3) жеке және заңды тұлғалар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуының кепілдіктері;
- 4) өтініштерді қарау кезінде төрешілдік көріністеріне және әуре-сарсаңға салуға жол бермеу;
- 5) жеке және заңды тұлғалардың теңдігі;
- 6) субъектілер мен лауазымды тұлғалар қызметінің өтініштерді қарау кезіндегі ашықтығы.

Аталмыш Заңның күші өтініштерді берген жеке және заңды тұлғаларға, өтініштерді қарайтын субъектілер мен лауазымды тұлғаларға қолданылады. Аталмыш Заңның күші жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі келесі ҚР заңнамаларында белгіленген өтініштерге қолданылмайды:

- 1) әкімшілік құқық бұзушылық;
- 2) қылмыстық іс жүргізу;
- 3) азаматтық іс жүргізу.

Аталмыш Заң жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыру және қорғау мақсатында олардың өтініштерін беру мен қарауға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді. Заң шығарушы жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыру мақсатында өтініштерге келесідегілерді жатқызады: 1) арыз (бейнеконференцбайланыс, бейнеөтініш); 2) иесі бүркемеленген өтініш; 3) қайта жасалған өтініш: а) осының алдындағы өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасалған; б) егер бұрын жіберілген өтініш келіп түскен уақыттан бастап белгіленген қарау мерзімі өтіп кетсе, алайда арыз беруші жауап алмаған болса, оның уақтылы қаралмағаны туралы хабарланған; в) осының алдындағы өтінішті қарау және ол бойынша шешім қабылдау кезінде жіберілген басқа да кемшіліктер көрсетілген өтініш; онлайн-қабылдау; 4) өтініш [34].

Соңғы жылдары азаматтардың өтініш берудің түрі ретінде өтінішхат енгізілуде. Өтінішхат құжаттарды беру арқылы расталатын белгілі бір

мәртебені, құқықтарды, кепілдіктер мен жеңілдіктерді мойындау туралы жазбаша түрде берілетін азаматтың өтінішін білдіреді.

Бұл өтініш түрі ҚР заңнамасында белгіленген жағдайларда рәсімделеді. Осы орайда, өтінішхат пен оған қоса берілетін құжаттар белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделуі маңызды болып табылады.

**Қарауға жатқызылмайтын өтініштер** – 1) *иесі бүркемеленген өтініш*; 2) *мәселенің мәні баяндалмаған өтініш*.

Көп жағдайларда ұсыныстар, арыздар мен шағымдар азаматтар өтініштерінің нақты түрі болып табылады, алайда аралас сипатқа ие өтініштер де жиі кездеседі.

### **Өтініштерді қарау мерзімдері**

1. Қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу не жергілікті жерге барып тексеру талап етілмейтін жеке және (немесе) заңды тұлғаның өтініші субъектіге, лауазымды адамға келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде қаралады.

2. Қарау үшін өзге субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу не жергілікті жерге барып тексеру талап етілетін жеке және (немесе) заңды тұлғаның өтініші субъектіге, лауазымды адамға келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қаралады және ол бойынша шешім қабылданады.

Қосымша зерделеу немесе тексеру жүргізу қажет болған жағдайларда, қарау мерзімі күнтізбелік отыз күннен аспайтын мерзімге ұзартылады, бұл туралы қарау мерзімі ұзартылған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде өтініш берушіге хабарланады.

Егер өтініште баяндалған мәселелерді шешу ұзақ мерзімді талап етсе, онда өтініш түпкілікті орындалғанға дейін қосымша бақылауға қойылады, бұл туралы шешім қабылданған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде өтініш берушіге хабарланады.

Қазақстан Республикасының заңдарында өтініштерді қараудың өзге де мерзімдері белгіленуі мүмкін.

Шағымдарды қарау мерзімдері келесі мәселелер бойынша жіктеледі:

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымдарды қарау мерзімдері "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленеді [35];

2) Субъектілер алған немесе жасаған ақпаратты беру туралы сұрау салулар – «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» ҚРЗ [36];

3) Мемлекеттік сатып алу саласындағы шағымдарды қарау тәртібі Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген ерекшеліктер ескеріледі [37].

### **Өтініштерді қарайтын субъектілер**

Оларға мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттің қатысуы жүз процентті құрайтын не мемлекеттік тапсырыс және (немесе) мемлекеттік сатып алу шарттарына сәйкес тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) ұсынатын, өздерінің құзыреттеріне сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша шешімдерді қарауға және қабылдауға

құқылы заңды тұлғалар, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша оларға тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) жеткізуге (орындауға, көрсетуге) шарт жасасқан ірі кәсіпкерлік субъектілері жатады.

**Мемлекеттік органдар азаматтардың өтініштерін сақтау мерзімдерін белгілейді.** Мысалы, ҚР ПМ жүйесінде бұл көрсеткіш бес жылды құрайды. Азаматтардың өтініштері бойынша құжат сараптамасын жүзеге асыруда қоғам, мемлекет және т.б. үшін маңыздылығы тұрғысынан сақтау мерзімі анықталады. Басты міндет – азаматтардың ұсыныстары бар құжаттарды жоюды болғызбау [38].

**Бүгінгі таңда мемлекетімізде азаматтардың өтініштерін қарауға маңызды орын беріледі, оның негізінде мемлекеттік органдардың өтініштерді қараудағы ашықтық принципі жатыр, осыған дәлел ретінде қазіргі уақытта «Айқын» жобасын жаппай енгізу болып табылады: азаматтарға өздерінің өтініштерінің тағдырын <http://service.pravstat.kz> сайты арқылы қарауға мүмкіндік береді[38].**

### **Шетелдік тәжірибе**

Мемлекеттердің көпшілігінде азаматтардың мемлекеттік органдарға өтінішті немесе шағымды беру құқығы қарастырылады, осы тектес ережелердің негізгі пәні парламент немесе өзге де заң шығарушы органдардың әрекеттері болып табылады. Алайда Ұлыбритания мен Америка Құрама Штаттарындағы Премьер-министр мен Президент кеңселері азаматтардың өтініштері қарайды, және Америка Құрама Штаттарында белсенділерден құралған топтар мен ұйымдар әр түрлі мәселелер бойынша өтініштерді беруде белсенді түрде қатысады. Дания, Эстония, Польша, Швеция, Кипр сияқты бес мемлекеттен басқа, Еуропа одағының барлық мүше-мемлекеттерінде, Шотландияда және Еуропалық парламентте өтініштерді беру орындары бар [31, 18 б.].

Германия, Ұлыбритания мен Австралияда өтініштерді беру құқығы негізінен мемлекеттің заңнамалық бақылау мен қадағалау функциясының бөлігі ретінде түсініледі. Осы және әлемнің басқа да мемлекеттерінде соттар мен сот билігінің өзге де органдары өтініштерді қарау бойынша айрықша өкілеттіліктерге ие емес. Атқарушы билік тармағының министрліктері мен ведомствалары сияқты сот мекемелері де білім беру, денсаулық сақтау мен әлеуметтік қорғау сияқты салаларында өтініштерге жауап дайындауда көмек көрсету үшін тұрақты түрде тартылады. Алайда соттар немесе сот процестерінің әрекеттеріне жасалған шағымдармен өтініштер сирек беріледі.

Шотландия мен Германияда әрекет ететін өтініштерді берудің электрондық жүйесі ерекше назарды аудартады. Аталмыш жүйелер азаматтар мен заңды тұлғалардың мемлекеттік (қоғамдық) істерде (*res publica*) қатысуын, келген өтініштерді қарау мен талқылауын, өтініштерге мемлекеттің жауаптары бойынша ақпарат пен есептілігін, ашықтық, теңдік пен қолжетімділікті қамтамасыз ету міндеттері мен мақсаттарына жауап береді. Австралиялық жүйе өтініштер берудің жетілген жүйесі болмағанымен, оның тиімді белгілеріне қарапайымдылық, ашықтық пен айқындық жатады.

Шотланд, неміс және австралиялық жүйелер өздерін жұмысқа қабілетті, алдына қойылған міндеттерді дұрыс орындаушы ретінде көрсетті [31, 50-51 б.]

### **Ресей тәжірибесі**

Ресей Федерациясында (РФ) азаматтар өтініштерін жеке жолдауға, сонымен қатар мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына және лауазымды тұлғаларға жеке және ұжымдық өтініштерді жіберуге құқылы. Азаматтар өтініштерді еркін және өз еркімен жолдауға құқығын іске асырады. Азаматтардың өтініштерін қарау тегін жүзеге асырылады.

Азаматтардың өтініштерін қараумен байланысты құқықтық қатынастар реттелінеді:

- 1) Ресей Федерациясының Конституциясымен;
- 2) Ресей Федерациясының халықаралық шарттарымен;
- 3) Федералды конституциялық заңдармен;
- 4) Федералды заңдармен;
- 5) «Ресей Федерациясы азаматтарының өтініштерін қарау тәртібі туралы» Федералды заңымен [39];

б) Ресей Федерациясы субъектілерінің заңдары мен өзге де нормативтік-құқықтық актілері азаматтардың өтініштерді беру құқығын қорғауға бағытталған ережелерді орната алады, сонымен қатар азаматтардың өтініштерді беру құқығына кепілдіктерді, тиісті Федералды заңмен бекітілген қосымша кепілдіктерді орната алады.

Мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, лауазымды тұлғаларға берліген азаматтардың өтініштері ұсыныс, арыз, шағым, ауызша өтініш түрінде жазбаша немесе электрондық құжат нысанында ұсынылуы мүмкін. Байқап отырғанымыздай, ресей заң шығарушысы азаматтардың ауызша өтініштерін бекітеді. Ауызша өтініштің мазмұны азаматтың жеке қабылдау карточкасына енгізіледі. Егер ауызша өтініште мәлімделген фактілер мен жағдайлар айқын және қосымша тексеруді қажет етпейтін болса, азаматтың келісімімен өтінішке жауап азаматтың жеке қабылдауы кезінде ауызша берілуі мүмкін, бұл туралы азаматтың жеке қабылдау карточкасына жазба жасалады. Басқа жағдайларда өтініште қойылған мәселелер бойынша жазбаша жауап берілуі мүмкін.

Жеке қабылдау уақытында қабылданған жазбаша өтініш Федералды заңда бекітілген тәртіппен тіркелуге және қаралуға жатады. Жазбаша өтініштерге жазбаша нысанда жасалған уәжді жауап берілуі мүмкін. Өтініш бойынша шешімді орындау өтінішті қарау нәтижелері бойынша азаматты жедел хабарландыру болып табылады. Аталған шешімге әкімшілік немесе сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

### **Өтініштерді қарау мерзімдері**

Мемлекеттік органға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына немесе лауазымды тұлғаға жіберілген жазбаша өтініш тіркелген уақыттан

**бастап 30 күннің ішінде олардың құзыреттіліктерімен сәйкестікте қаралады.**

**Айрықша жағдайларда мемлекеттік органның немесе жергілікті өзін-өзі басқару органының басшысы немесе лауазымды тұлғасы не өкілетті тұлғасы өтініштерді қарау мерзімін өтінішті берген азаматты қарау мерзімін ұзарту туралы ескертіп, 30 күннен аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін.**

**Азаматтарды мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында жеке қабылдау олардың басшыларымен немесе өкілетті тұлғаларымен жүзеге асырылады. Қабылдау орны туралы, сонымен қатар қабылдау күндері мен сағаттары туралы ақпарат өтініш берген азаматқа жеткізіледі.**

**Жеке қабылдау кезінде азамат оның жеке тұлғасын куәландыратын құжатын ұсынуы тиіс.**

**Егер өтініште мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының немесе лауазымды тұлғаның құзыретіне кірмейтін мәселелер болса, азаматқа қайда және қандай тәртіппен жүгінуге болатыны туралы түсіндіріледі.**

**Азаматтың жеке қабылдауы кезінде егер оған бұрын өтініште қойылған мәселелер бойынша жауап берілген болса, өтінішті одан әрі қарауда бас тартылуы мүмкін.**

**Азаматтардың шағымдарын қараудың жалпы мерзімі – 1 ай. Бұл ережеден 3 ерекшелік қарастырылған:**

**1. Қосымша зерттеу мен тексеруді талап етпейтін арыздар мен шағымдар 15 күннен кешіктірілмей, тоқтаусыз қаралады;**

**2. Егер өтініш рұқсаты үшін арнайы тексеріс, қосымша материалдарды талап ету немесе басқа шараларды қабылдау қажет болса, ұйым басшысымен немесе оның орынбасарымен өндіріс мерзімі 1 айдан артық емес мерзімге ұзартылуы мүмкін.**

**3. Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің шағымдары орталық органдарда 15 күндік мерзімде, ал жергілікті органдарда 7 күндік мерзімде қаралады.**

**Қажеттілік болған жағдайда, мерзім 15 күннен артық емес мерзімге ұзартылуы мүмкін.**

**Осылайша, көріп отырғанымыздай, азаматтардың мемлекеттік органдарға жүгінуге құқығы адамның негізгі құқықтарына жатқызылады және жалпы қабылданған тәжірибе болып табылады. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық мемлекет ретінде орнықтыра отырып, осы құқықты жүзеге асыруға ат салысуда. Демократия принципіне сүйене отырып, бұл жағдай емес, процес болып табылады, азаматтардың мемлекеттік органдарға жүгінудің халықаралық тәжірибесі үнемі мемлекеттік органдармен зерттелінетінін байқа аламыз. Қазақстан - таңдамалы халықаралық тәжірибені, соның ішінде адам құқықтары мен бостандықтарына асыру саласындағы тәжірибені енгізуге ұмтылатын ашық мемлекет.**



Азаматтардың мемлекеттік органдарға жіберілген өтініштерді қарау саласында өзгерістер енгізу қажеттілігін мемлекет мойындайтынын белгілеу маңызды. Бірінші институционалды реформа – экономикалық бағдарламалардың сапалы іске асырылуын және мемлекеттік қызметтерді ұсынуды қамтамасыз ететін, заманауи, кәсіби әрі автономды мемлекеттік аппарат қалыптастыру [40].

Дегенмен, қазіргі уақытта азаматтардың өтініштерімен жұмыс жасау тиісті назар салуды талап етеді. Заңнаманы немесе мемлекеттік органдардың қызметін тұрақты түрде жетілдіру шешімнің жалғыз әдісі емес. Азаматтардың өтініштерінің демократиялық жүйесі азаматтық қоғам шеңберінде бірлесе құрылуы тиіс. Гегельдің азаматтық қоғам концепциясының кең мағыналы мазмұнын еске алайық: азаматтық қоғамның басты мақсаты – жеке мүдделерді қанағаттандыру арқылы ұжымдық мүддені іске асыру. Басқа адам есебінен мүдделердің әрбірі қанағаттандырылған жағдайда, қоғам «азаматтық қоғам» идеясынан алшақ бола береді [41, 150-156 б.].

### **Өтініштерді қарау жүйесін жетілдіру бойынша ұсынымдар:**

#### **Ұсыным 1: Өтініштер берудің электрондық жүйесін қалыптастыру**

Германия, Шотландия мен Австралияда жүзеге асырылып жатқан жүйелердің үздік функцияларын қабылдап, оларды бейімдеу арқылы өтініштерді қабылдаудың электрондық жүйесін қалыптастыру қажет.

#### **Ұсыным 2: Өтініштердің ағымдағы көлемі мен ағымының қатал бағасы**

Қазақстанда бұл уақытқа дейін өтініштердің қандай көлемі қабылданды? Олардың табиғаты қандай? Олар қай мемлекеттік органға жіберілді? Қай сұрақтар бойынша? Өтініштердің ағымдағы жиілігі қандай? Өтініштерді қолдау мақсатында жиналған қолдардың саны қанша?

#### **Ұсыным 3: Өтініштерді беру процесі туралы ақпарат ашық түрде ресми веб-сайттарда орналастырылуы тиіс.**

Өтініштер туралы Заңның 8-бабы өтініштерді беру процесі туралы ақпараттың мемлекеттік органдардың «ресми сайттарында» ақпаратты орналастыру жолымен және өзге де әдістермен мүдделі тұлғаларға жеткізілетінін талап етеді. Бұл мүмкін болғанша тез жүзеге асырылуы тиіс, мүмкін Германияда секілді интуитивтік түсінікті онлайн-брошюралардан бастауға болады: өтініштерді электрондық түрде берудің онлайн процесін сипаттаумен неміс Бундестагының онлайн-брошюрасы [28].

#### **Ұсыным 4: Өтініштерді берудің электрондық жүйесі үшін бағдарламалық жасақтама әзірлеу мақсатында функционалды талаптарын дайындау.**

**Ұсыным 5: Бастапқы уақытта азшылықтан бастап, уақыт ағысымен өсу қажет.** Өтініштерді берудің электрондық жүйесі барлық әлемде дамудың әлі бастапқы сатысында және біз оны назарға алуымыз қажет.

**Бүгінгі таңда жаңа субъектілер пайда болды: азаматтық, іскерлік және филантропиялық міндеттер арасында дәстүрлі шекараны жоятын, маңызды әлеуметтік мәселелердің шешімін табуда үкіметпен ынтымақтасатын ерікті-азаматтар, әлеуметтік кәсіпкерлер, қорлар, коммерциялық емес ұйымдар, азаматтық қоғам ұйымдары мен ірі және шағын жекеше бизнес. Осы орайда, Интернет-технологиялар, оның ішінде өтініштерді берудің электрондық жүйесі, аталған жаңа субъектілерді тарту үшін потенциалға ие.**

**Өтініштерді беру процесінің міндеттері мен талаптары әлеуметтік желілер мен ұялы телефондар секілді заманауи ақпараттық технологияларға негізделген шешімдерді табуды талап етеді. Өтініштерді берудің процесі қолжетімді және ұялы телефондар және әлеуметтік желілер (мысалы, Twitter мен Facebook көмегімен) көмегі арқылы кез келген жерден өшірілуі мүмкін. Толтырылған өтініштермен бөлісуге болады, оларға бірнеше тұлғалар қол қоюы мүмкін және олар бір тәртіппен қаралуы мүмкін.**

## **ҮЕҰ МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІНІҢ ТҰРАҚТЫ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫЛАР**

Бағдарламалық құжаттарда белгіленген мемлекеттік саясатты табысты жүзеге асыру үшін ҮЕҰ мен мемлекеттік органдардың өзара әрекеттестігінің тұрақты жүйесін құру бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Заңнаманы жетілдіру кезінде келесілерге аса назар аудару қажет:

1. Нормативтік-құқықтық актілерді дайындау сатысында құқықтық қорытынды алу үшін, сонымен қатар ҮЕҰ-ның позицияларын міндетті түсіндірумен салыстырмалы кестеге олардың пікірін қосу арқылы есепке алу үшін бейінді ҮЕҰ-ды кең түрде тарту.

2. Мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру тиімділігіне мониторинг жүргізу функциясын халықтың әлеуметтік топтарына жақын әрі олардың жағдайлары туралы үнемі хабарландырылған болып табылғандықтан үкіметтік емес ұйымдарға беру.

3. Бейінді ҮЕҰ-ға азаматтық белсенділік пен халықтың құқықтық сауаттылығын көтеру бойынша іс-шараларды өткізу мен оқыту функциясын беру. Бұл шаралар қанда да бір халық топтарын ақпараттандыру бойынша, жүзеге асырылып жатқан мемлекет саясаты мен оның өзектілігі туралы негізгі ережелерді түсіндіру бойынша қоғамда жұмысты өткізуге мүмкіндік береді және мемлекет саясатын жүзеге асыруда халық белсенділігін көтеруге алып келеді.

4. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне үкіметтік емес ұйымдардың қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 5 желтоқсандағы Заңы мемлекет пен ҮЕҰ-ның өзара есеп берушілігі мен өзара әрекет етушіліктің, жауапкершіліктің механизмдері мен құралдарын нақты реттелмеген.

5. Осыған орай, 2015 жылы желтоқсанда қол қойылған Қазақстан мен ЕО арасындағы әріптестік пен ынтымақтастық туралы Келісім демократия, адам құқықтары мен бостандықтарының мәселелері бойынша диалог ұйымдастыруды көздейді, сонымен қатар адам құқықтарымен заңның үстемдігі мәселелері бойынша ҮЕҰ-ның мемлекеттік органдармен тұрақты диалогы қажет.

6. Мемлекеттік органдардың адам құқықтарын қорғау бойынша ҮЕҰ-ның мүдделерін қандай да бір шешімдерді қабылдау уақытында жан-жақты әрі

толық есепке алуға мүмкіндік беретін тиісті құқықтық базасы жоқ, мемлекеттік органдардың ҮЕҰ-мен тығыз өзара әрекеттесу ықпалды механизмін қадыптастыру қажет:

- а) нормативтік-құқықтық актілерді, мемлекеттік бағдарламаларды дайындауда ҮЕҰ-ның қатысуы;
- б) азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделеріне қатысты нормативтік-құқықтық актілерді бірлесіп талқылау мен сараптама жүргізу;
- в) ҮЕҰ өкілдерінің Қоғамдық кеңестерге, жұмыс пен сараптама топтарына қатысуы.

7. Мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыруда ҮЕҰ өкілдерін қосу үшін мемлекеттік органдар мен ҮЕҰ тараптардың құқықтары, бостандықтары мен жауаптылығы анықталатын қоғамдық-мемлекеттік әріптестік туралы Келісім жасаса алады. Келісімдерде коммуникациялар жүйесі, бірлескен әрекеттер жоспары, жобалар мен бағдарламаларды бірлесіп қаржыландыруды өткізу бойынша қоғамдық-мемлекеттік әріптестіктің тиімді механизмдерін қалыптастыру бойынша тараптардың міндеттемелерін қарастыру.

8. Әріптестік туралы шарттар мен келісімдерде аймақтық мәселелерді шешуде ҮЕҰ-ны қатысуға тарту туралы мемлекеттік органдардың міндетін қарастыру. Әріптестік туралы Типтік шартты дайындау мен бекіту қажет.

9. Қоғамдық палаталар атқарушы билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыруы тиіс.

10. ҮЕҰ мен мемлекеттік қызметкерлердің оқытылуын ұйымдастыру керек. ҮЕҰ-мен жұмыс жасау үшін мемлекеттік қызметкерлердің кадр саясаты қажет.

11. Жергілікті деңгей қатардағы азаматқа жақын болғандықтан, онымен ынтымақтастыққа ерекше мән беру қажет.

12. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын жобалардың жүзеге асырылуына бақылауды ҮЕҰ жүргізуі тиіс.

13. Парламентке заң жобасын енгізуге жауапты Министрліктің заң жобасы бойынша әлеуметтік әріптестермен кеңесі міндетін, сонымен қатар Парламентке ҮЕҰ атынан ескертпелердің қысқа шолуын ұсыну және ескертпелердің толық нұсқада есепке алынбаған жағдайларды негіздеу міндеттерін белгілеу қажет.

14. ҮЕҰ арналған айыппұлдарға мәселені алдағы уақытта зерттеу мақсатында уақытша мораторийді енгізу мәнді болып табылады.

15. ҮЕҰ қатысуы консультативті-кеңестік органдар мен мемлекетпен өзара әрекеттесу бойынша кеңестерде «таңдап» қатысушылықпен шектеледі. Біздің ойымызша, ҮЕҰ әлеуметтік саланы қоспағанда, өзге қызмет салаларына қатысуы тиіс.

16. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 4-1-бабын

«Уәкілетті орган қызметіне қоғамдық бақылауды міндетті қосумен уәкілетті органның құзыреті».

Заңның «Мәліметтерді тексеру» 4-3-бабына – мәліметтерді тексеру процесі өзара ашық болу мақсатында оған ҮЕҰ өкілдерін тарту қажет.

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті» 4-бабына – ҮЕҰ, Үйлестіруші Кеңес пен уәкілетті органға қатысты ҚР Үкіметінің құзыреттерін нақты анықтау керек.

17. Мемлекеттік емес гранттарды беру конкурстарында ҮЕҰ-ның қатысуын қарастыру қажет.

18. Ақпараттандыру және азаматтарды қолдау мәселелері, әлеуметтік жобалар шеңберінен шығатын күнделікті мәселелерді шешу бойынша ҮЕҰ-ның мемлекеттің тең құқылы әріптесі болуға мүмкіндік беретін ҮЕҰ өкілдерінің қатысуымен азаматтарға консультациялар беру үшін Орталық органды құру қажет.

19. Мемлекет пен ҮЕҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы өзара әрекеттестігінің жүйесін қалыптастыру қажет.

20. Конституциялық құқықтардың жүзеге асырылуы мен сақталуына ерекше назар аударып, азаматтардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық сауаттылығын көтеру жұмыстарына құқық қорғау ҮЕҰ-ын кең түрде тарту қажет.

21. Мемлекеттік органдар мен ҮЕҰ күш-жігерінің үйлесімді координациясы қажет.

22. ҮЕҰ өкілдері мен журналистер қоғам жағдайының тиіді индикаторлары болып табылады, өзекті мәселелерді уақтылы шешуге жәрдемдеседі, сондықтан БАҚ тең дәрежеде мемлекеттік органдар мен БАҚ қызметін жариялайтын ақпараттық баланс қажет.

23. Қоғамдық мүдделерге қол жеткізу бойынша бірлескен жұмыс барысында қоғам мен билік сенімін бекіту үшін негіздер ретінде «Қоғамдық бақылау» туралы заң қабылдауды ұсынамыз.

Заң қоғамдық бақылау іс-шараларын жүзеге асыруға жағымсыз әсер ететін ережелерді қамтымауы тиіс. Төмендегілерді нақтылау қажет:

а) қоғамдық бақылау үшін жеткілікті негіздер тізбесін ұсынып, мемлекеттік органдар қызметіне қоғамдық бақылау субъектілерінің негізсіз араласуын болғызбау принципі;

б) мемлекеттік органдар қызметінде барлық ұсынымдарды есепке алу мүмкін емес болғандықтан, ұсынымдарды есепке алу не алмау толық уәждеделген болуы тиіс. Сондықтан, «мемлекеттік органдар бақылау іс-шаралары нәтижесінде алынған ұсынымдарды есепке алу мүмкіндігі туралы уәждеделген қорытынды беруі тиістігі» туралы ережені заң жүзінде бекіту қажет;

в) тәжірибеде тиісті қаржы-экономикалық қолдауынсыз жүзеге асыру мүмкін болмайтын «қоғамдық бақылау субъектілерінің дербестігі мен тәуелсіздігі» принципін бекіту қажет;

г) қоғамдық бақылау субъектілері мен объектілерінің мақсатты дайындығы талап етіледі. Бұл мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы өзара

қатынастардың жаңа мәдениетін қалыптастыратын қоғамдық бақылаудың жүйесін құру үшін қажет;

д) Әдістемелік, консультативті және ақпараттық қамтамасыз етуді, қоғамдық бақылау іс-шараларының координациясын іске асыратын ҚР Орталық органы (мүмкін Қоғамдық палата) қажет;

е) Тиісті Қоғамдық Кеңестерге мәдениет, әлеуметтік қызмет көрсету, денсаулық сақтау және білім саласындағы әлеуметтік қызметтердің тәуелсіз бағасын жүктеу абзал;

ж) мемлекеттік органдар жанындағы Қоғамдық Кеңестерден басқа, қоғамдық бақылау субъектілері ретінде қоғамдық бақылау комиссиялары, бақылау кеңестері, қоғамдық инспекциялар, қоғамдық бақылау топтары мен өзге ұйымдық құрылымдар танылуы қажет;

з) гранттық конкурстар негізінде анықталған ҮЕҰ көшбасышларынан тұратын тұрақыт түрде әрекет ететін сарапшылық кеңес құру қажет. Сараптамалық кеңесіне мемлекеттік әлеуметтік бағдарламаларды аймақтық ерекшеліктермен іске асырудағы құзыреттеріне ие қызметкерлерді қосу қажет;

и) қоғамдық бақылау субъектілерінің біліктілік деңгейін көтеру қажет, себебі көпшіліктің бақылау саласындағы тиімді әрі жүйелі қызметінің тәжірибесі жоқ.

Жалпылама алғанда, ҮЕҰ биліктің өз қоғамына есеп берушілігін қамтамасыз етуде, адам құқықтары мен сөз бостандығын қорғауда маңызды рөлге ие болуы тиіс.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. <https://ru.sputniknews.kz/economy/20170124/1439528/pravitelstvo-kazahstana-u-npo-dva-puti---pasportizaciya-ili-amnistiya.html>
2. «Үкіметтік емес ұйымдармен өз қызметі жөніндегі мәліметтерін ұсыну және олар туралы дерекқорды қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 19 ақпандағы № 51 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 1 наурызда № 13355 болып тіркелді // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013355>
3. zakon.kz ақпараттық порталы: <https://www.zakon.kz/4782653-kak-provoditsja-rabota-po-formirovaniju.html>
4. ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің ресми сайты: [http://www.din.gov.kz/rus/baza\\_npo](http://www.din.gov.kz/rus/baza_npo)
5. «Казахстанская правда» газетінің ресми сайты: <http://www.m.kazpravda.kz/news/view/55576/>
6. Сунгуров А.М. Модели взаимодействия органов государственной власти и структур гражданского общества: российский опыт // [www.4cs.ru](http://www.4cs.ru)
7. Горный М.Б. Взаимодействие НКО и органов власти: сравнительный анализ законодательства // Журнал исследований социальной политики. – 2011. Том 9. - №2.
8. Акрамовская А. Правовые основы взаимодействия власти и НКО в России // <https://guu.ru/files/referate/akramovskay>
9. Кто в Казахстане лоббирует закон о лоббизме. 6981.13.02.2015.
10. Нецадин А.А. Лоббизм в России: этапы большого пути. Ч.1 // Социус: Социологические исследования. 1996. №3. 54 б.
11. Воропаев И.В. Лоббизм как фактор повышения эффективности взаимодействия НПО с органами государственной власти современной России. Орел, 2011.
12. Орехов О.Ю. Перспективы политико-правового регулирования лоббистской деятельности в России // Экспертиза. 2016. №10. 75 б.
13. Фельдман П.Я. Нужен ли России закон «О лоббизме» // Экспертиза. 2014. №2. 121 б.
14. Гусарова А. Регламентация государственной поддержки НПО в Казахстане: Дьявол кроется в деталях. Фонд Сорос Казахстан, 2016.
15. Сучкова А.А. Институт лоббизма как перспективный механизм политического участия в России // Известия Тульского университета. 2016. №4.
16. Плотников А.А. Общественный контроль и его потенциал в противодействии коррупции // Вестник Северного (Арктического)

федерального университета. Серия: Гуманитарные и социальные науки. 2013. – 106 б.

17. Антошин В.А. , Ершов Ю.Г. Общественный (гражданский) контроль и публичное управление // Научно-информационный журнал «Вопросы управления», №4, 2016: <http://vestnik.uapa.ru/ru/issue/2016/04/03/>

18. АҚШ Ақ үйінің ресми сайты [Электрондық ресурс]. URL: <https://www.whitehouse.gov>

19. Фонд Открытой Новой Демократии «Прозрачность и участие: Общественный контроль 2.0 в США и Европе» [Электрондық ресурс]. Аналитикалықбаяндама, 2013. <http://fondfond.org>

20. Your Voice in Europe жобасының ресми сайты [Электрондық ресурс]. URL: <http://ec.europa.eu/yourvoice>

21. Алдаева О.С. Контроль общества над государством в странах СНГ: исторические и политические аспекты // Гуржівські історичні читання: зб. наук.праць. Черкаси, 2009. - 275–277 бб.

22. Прямая демократия: модели правления, конституционно-правовые институты / Руденко В.Н.; Отв. ред.: Кокотов А.Н., Кукушкин М.И. Екатеринбург: УрО РАН, 2003. – 240 б.

23. Қоғамдық кеңестер Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі, прокуратура органдары, Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің істерін басқару, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі, Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасы, Қазақстан Республикасының адам құқықтары бойынша Ұлттық орталығы, республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті, Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі, Қазақстан Республикасының арнайы мемлекеттік органдарының қатысуымен құрылмайды.

24. ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің ресми сайты: <http://www.ombudsman.kz/about/action.php>

25. ҚР Президентін, ҚР Парламенті мен депутаттарын, ҚР Үкіметін, Конституциялық Кеңесін, Бас прокурорды, Орталық сайлау комиссиясын, ҚР соттарын қоспағанда.

26. ҚР Балалар құқықтары жөніндегі уәкілдің ресми сайты: <http://bala.gov.kz/ru/>

27. ҚР кәсіпкерлер құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің ресми сайты: <http://ombudsmanbiz.kz/rus>

28. <https://www.bundestag.de/blob/189918/da128fc8e7f7339b7e3bbc57add3833a/flyer-data.pdf><http://www.aph.gov.au/house/petitions>

29. Билль о правах 1789 – 1791 гг. (Первые 10 поправок к Конституции) // В кн.: Хрестоматия по истории государства и права зарубежных стран: учеб. пособие: в 2-х т. Т. 2 / Под ред. К.И. Батыра и Е.В. Поликарповой – М.: Проспект, 2015. – С. 73-75.



30. Конституция Франции 1791 г. // В кн.: Хрестоматия по истории государства и права зарубежных стран: в 2-х т. / Отв. ред. Н.А. Крашенинникова – М.: Норма – Инфра-М, 2014. – С. 97-110.

31. Кеилитз И. Право на обращение в Узбекистане, России, Германии, Великобритании, Соединенных Штатах Америки и Австралии: сравнительный анализ. Проект «Партнерство в сфере верховенства закона в Узбекистане». 76 с.

32. un\_uzb\_The Right to Petition\_Comparative Analysis\_RUS.pdf // [www.uz.undp.org](http://www.uz.undp.org) Дата обращения 12 июня 2017 г.

33. [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=39025340#pos=1769;-179](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=39025340#pos=1769;-179) Дата обращения 05 июня 2017 г.

34. Закон Республики Казахстан «О порядке рассмотрения обращений физических и юридических лиц» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 04 декабря 2015 г.) См. о внесении изменений: Закон РК от 30 ноября 2016 г. № 26-VI (вводится в действие с 1 июля 2017 г.) [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30086115](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30086115) Дата обращения 15 июня 2017 г.

35. Закон Республики Казахстан «О государственных услугах» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 06 апреля 2016 г.) <http://online.zakon.kz/Document/> Дата обращения 12 июня 2017 г.

36. Закон Республики Казахстан «О доступе к информации» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 28 декабря 2016 г.) См: распоряжение Премьер-Министра РК от 18 декабря 2015 г. № 142-р «О мерах по реализации законов Республики Казахстан от 16 ноября 2015 г. «О доступе к информации» и «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам доступа к информации». <http://online.zakon.kz/Document/> Дата обращения 12 июня 2017 г.

37. Закон Республики Казахстан «О государственных закупках» (с изменениями по состоянию на 05 мая 2017 г.) <http://online.zakon.kz/Document/> Дата обращения 12 июня 2017 г.

38. Распоряжение Премьер-Министра РК от 18 декабря 2015 г. № 146-р «О мерах по реализации законов Республики Казахстан от 4 декабря 2015 г. «О государственных закупках» и «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам государственных закупок». <http://online.zakon.kz/Document/> Дата обращения 12 июня 2017 г.

39. Федеральный закон «О порядке рассмотрения обращений граждан Российской Федерации». Принят Государственной Думой 21 апреля 2006 г. Одобрен Советом Федерации 26 апреля 2006 г. [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_59999/](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_59999/) Дата обращения 06 июня 2017 г.

40. Н. Назарбаев выдвинул пять институциональных реформ для укрепления государственности <http://www.zakon.kz/4696282-n.-nazarbaev-vydvynul-pjat.html> Дата обращения 12 июня 2017 г.

41. Тлепина Ш.В., Кала Н.С. О соотношении государства и общества (из истории правовой мысли) Вестник КазНУ. Серия международные отношения и международное право. 2016. № 4 (76). С. 150-156.

42. <https://www.bundestag.de/blob/189918/da128fc8e7f7339b7e3bbc57add3833a/flyer-data.pdf> <http://www.aph.gov.au/house/petitions>

## Қосымша 1

### Үкіметтік емес ұйымдармен (ҮЕҰ) мемлекеттік органдардың өзара әрекеттесу деңгейін анықтау бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін талдау

№	Заңның атауы	ҮЕҰ-ның мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу бойынша ережелерді қамтитын заң нормалары
1.	«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы №142-ІІ Заңы (27.02.2017ж. дейінгі өзгерістер мен толықтырулармен)	<p><b>6-тарау. МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАР</b></p> <p><b>40-бап. Мемлекет және коммерциялық емес ұйымдар</b></p> <p>1. Мемлекет коммерциялық емес ұйымдарды құруды және олардың белсенді қызмет етуін көтермелейді. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес коммерциялық емес ұйымдарға салық, кеден жеңілдіктері және басқа да жеңілдіктер берілуі мүмкін.</p> <p>2. <u>Коммерциялық емес ұйымдар</u> өз қызметінің мақсаттарына сәйкес мемлекеттік органдармен келісімдер жасасын, ынтымақтасуы және олар үшін белгілі бір жұмыстарды орындауы мүмкін.</p> <p><b>41-бап. Коммерциялық емес ұйымның қызметін бақылау</b></p> <p>1. Коммерциялық емес ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен бухгалтерлік есепті жүргізеді және алғашқы статистикалық деректерді мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға береді.</p> <p>2. Коммерциялық емес ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасына және коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға және мемлекеттік кіріс органдарына, құрылтайшыларға және өзге де тұлғаларға өз қызметі туралы ақпарат береді.</p> <p>Шет мемлекеттер, халықаралық және шетелдік ұйымдар, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар өтеусіз негізде беретін қаражат есебінен қызметін жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кіріс органдарына осы қаражатты пайдалануы туралы есепті ұсынады.</p> <p>3. Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік және халықаралық коммерциялық емес ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктері (оқшауланған бөлімшелері) баспасөз басылымдарында жыл сайын өз қызметі туралы, оның ішінде өз құрылтайшылары, мүліктің құрамы туралы, ақшаны қалыптастыру көздері мен жұмсау</p>

бағыттары туралы ақпарат жариялайды.

4. Коммерциялық емес ұйым кірістердің мөлшері мен құрылымы, сондай-ақ коммерциялық емес ұйым мүлкінің мөлшері мен құрамы туралы, оның шығыстары, қызметкерлерінің саны мен құрамы туралы, олардың еңбегіне ақы төлеу, коммерциялық емес ұйымның қызметінде азаматтардың өтеусіз еңбегін пайдалану туралы мәліметтер коммерциялық құпияның нысаны бола алмайды.

5. Мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғам, қор, қауымдастық (одақ) нысанындағы заңды тұлғалар бірлестіктері нысанында, сондай-ақ осы Заңның 17-бабында көзделмеген өзге де ұйымдық-құқықтық нысандарда құрылған коммерциялық емес ұйымдар, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік және халықаралық коммерциялық емес ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктері (оқшауланған бөлімшелері) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға жыл сайын 31 наурызға дейін үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган бекітетін тәртіппен өз қызметі туралы, оның ішінде өз құрылтайшылары (қатысушылары), мүлкінің құрамы, ақшаны қалыптастыру көздері мен жұмсау бағыттары туралы мәліметтерді ұсынады.

Ескерту. 41-бап жаңа редакцияда - ҚР 2005.07.8 № 67-III (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.03.19 № 258-IV; 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.12.2015 № 429-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **42-бап. Коммерциялық емес ұйымның қызметін тоқтата тұру**

1. Коммерциялық емес ұйымның қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын бұзған немесе коммерциялық емес ұйымның жарғысында белгіленген қызметтің мәні мен міндеттері шегінен шығатын әрекеттерді бірнеше рет жасаған жағдайларда прокуратура органдарының ұсынуы негізінде шығарылған сот шешімімен үш айдан алты айға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделгендей, коммерциялық емес ұйымның қызметі тоқтатыла тұрған жағдайда оған құрылтай құжаттарында көзделген қызметпен айналысуға тыйым салынады. Оның банк шоттарын пайдалану құқығы да тоқтатыла тұрады, бұған еңбек шарттары бойынша есеп айырысу, өз қызметі салдарынан келтірілген шығындардың орнын толтыру мен айыппұл төлеу қосылмайды.

Егер коммерциялық емес ұйым өз қызметін тоқтата тұруға негіз болған бұзушылықтарды қызметі тоқтатыла тұруы белгіленген мерзім ішінде жойса, онда аталған мерзім аяқталған соң коммерциялық емес ұйым өз қызметін қайта бастайды. Коммерциялық емес ұйым бұзушылықтарды

		<p>жоймаған жағдайда прокуратура органдары оны тарату туралы сотқа арыз беріп жолдануға құқылы.</p> <p>3. Коммерциялық емес ұйымның қызметін тоқтата тұру туралы шешім қабылдаған сот коммерциялық емес ұйымның бұзушылықты жоюына байланысты ұсынысы бойынша осы шектеуді мерзімінен бұрын алып тастауға құқылы.</p> <p><b>43-бап. Коммерциялық емес ұйымның, жеке және заңды тұлғалардың жауапкершілігі</b></p> <p>1. Заңдарды бұзу коммерциялық емес ұйымның Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен жауапты болуына әкеп соқтырады.</p> <p>2. Коммерциялық емес ұйымдар туралы заңдарды бұзғандығы үшін бұған кінәлі жеке және заңды тұлғалар, соның ішінде мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары да жауапты болады.</p>
<p>2.</p>	<p><b>«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашаданғы №383-V Заңы ( 11.07.2017ж. өзгерістермен)</b></p>	<p><b>4-тарау. ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ САЛАСЫНДАҒЫ ӨКІЛЕТТІКТЕРІН ІСКЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ</b></p> <p><b>16-бап. Қоғамдық кеңестің қоғамдық бақылау саласындағы мақсаттары мен міндеттері</b></p> <p>1. Қоғамдық кеңес қоғамдық бақылауды мемлекеттік органдардың шешімдер қабылдау процесіне азаматтардың қатысу мүмкіндігін кеңейту мақсатында жүзеге асырады.</p> <p>2. Қоғамдық бақылаудың міндеттері:</p> <p>1) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметінің тиімділігін, ашықтығын және айқындығын арттыру;</p> <p>2) қоғамдық мүдделерді қорғауға бағытталған азаматтық бастамаларды іске асыру;</p> <p>3) азаматтардың мемлекет пен оның органдарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметіне сенім деңгейін арттыру, қоғам мен мемлекет арасында қайтымды байланысты қамтамасыз ету, әлеуметтік шиеленістердің алдын алу және оларды шешу;</p> <p>4) халықты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесіне тарту.</p> <p><b>17-бап. Қоғамдық бақылау ұғымы, оның объектісі мен субъектісі</b></p> <p>1. Қоғамдық бақылау субъектілерінің қоғамдық мониторинг, қоғамдық тыңдау, қоғамдық сараптама және мемлекеттік орган жұмысының нәтижелері туралы есепті тыңдау нысандарында жүзеге асырылатын, қоғамдық мүдделерді қорғауға бағытталған қызметі қоғамдық бақылау деп түсініледі.</p> <p>2. Республикалық және жергілікті деңгейлердегі мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының қызметі қоғамдық бақылау объектісі болып табылады.</p> <p>3. Қоғамдық кеңестер, сондай-ақ қоғамдық кеңестердің тапсырмасы бойынша коммерциялық емес ұйымдар,</p>

азаматтар қоғамдық бақылау субъектісі болып табылады.

### **18-бап. Қоғамдық бақылау нысандары**

1. Қоғамдық бақылау субъектілері тарапынан мемлекеттік органдардың қызметін байқауды білдіретін қоғамдық бақылау рәсімі қоғамдық мониторинг болып табылады.

2. Осы Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 5) және 6) тармақшаларында көзделген мәселелерді, сондай-ақ мемлекеттік органдардың қоғамдық маңызы бар шешімдерін олардың қоғамдық мүдделерге сәйкестігі мәселесі бойынша жария талқылау үшін жиналыс өткізу арқылы жүзеге асырылатын қоғамдық бақылау рәсімі қоғамдық тыңдау деп түсініледі.

3. Қоғамдық сараптама – азаматтардың өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтау, сондай-ақ жеке тұлғалардың, елді мекендердің және өндірістік объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жағымсыз факторларды болғызбау жөніндегі қоғамдық мүдделерді сақтау тұрғысынан зерттеу, талдау және бағалау үшін арнайы білімді және (немесе) тәжірибені қоғамдық бақылау субъектілерінің пайдалануына негізделген қоғамдық бақылау рәсімі.

4. Мемлекеттік орган жұмысының нәтижелері туралы есепті тыңдау қоғамдық бақылау рәсімі болып табылады және Қоғамдық кеңестің отырысында осы Заңның 5-бабы 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген мәселелер бойынша мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және олардың лауазымды адамдары қызметінің нәтижелерін жария талқылауды білдіреді.

### **19-бап. Қоғамдық бақылауды жүзеге асыру тетіктері**

Қоғамдық бақылау:

1) Қазақстан Республикасының ақпаратқа қол жеткізу саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес қоғамдық бақылау объектісінің қызметі туралы ақпаратқа қол жеткізу;

2) Қоғамдық кеңес мүшелерінің және қоғамдық бақылау субъектілерінің мемлекеттік органның алқалы органдарының отырыстарына қатысуы;

3) мемлекеттік комиссиялардың құрамына қоғамдық кеңестердің мүшелерін қосу;

4) азаматтардың жеке немесе ұжымдық өтініштерін беру;

5) сұрау салулар беру;

6) Қоғамдық кеңес айқындайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де тәсілдер арқылы жүзеге асырылады.

### **20-бап. Қоғамдық мониторингті ұйымдастыру және жүргізу тәртібі**

1. Қоғамдық мониторингті ұйымдастыру және жүргізу тәртібі осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінде айқындалады.

2. Қоғамдық мониторинг мемлекеттік органдардың

мемлекеттік қызметтер көрсетуі, мемлекеттік, үкіметтік бағдарламаларды, стратегиялық жоспарларды және бюджеттік бағдарламаларды, аумақтарды дамыту бағдарламаларын іске асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын қолдану нәтижесінде азаматтар үшін жағымсыз салдарларды және қоғамдық мүдделерге қысым жасалуын анықтау мақсатында жүзеге асырылады.

3. Қоғамдық мониторингті Қоғамдық кеңестің мүшелері, сондай-ақ Қоғамдық кеңестің тапсырмасы бойынша коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері және азаматтар жүзеге асырады.

4. Қоғамдық мониторинг жүргізу кезінде Қоғамдық кеңестің мүшелері мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарынан Қазақстан Республикасының ақпаратқа қол жеткізу саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен және негіздер бойынша мониторингтің нысанасына жататын қажетті ақпаратты сұратуға құқылы.

5. Қоғамдық мониторингті жүзеге асырған адамдар оның нәтижелері бойынша қорытынды жасайды. Қоғамдық мониторинг қорытындысында:

1) мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижесінде азаматтар үшін анықталған жағымсыз салдарлар туралы және қоғамдық мүдделерге қысым жасалғаны туралы ақпарат;

2) Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзушылықтарына қоғамдық мониторинг барысында анықталған себептер мен жағдайларды жою жөніндегі ұсынымдар;

3) бақыланатын объектілердің тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстар;

4) нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстар қамтылады.

6. Қоғамдық мониторинг қорытындысының негізінде Қоғамдық кеңес ұсынымдар қабылдайды және оларды тиісті мемлекеттік органдарға жолдайды.

## **21-бап. Қоғамдық тыңдауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

1. Қоғамдық тыңдауды ұйымдастыру мен өткізу тәртібі осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінде айқындалады.

Қоғамдық кеңес қоғамдық тыңдауды осы Заңның 1-бабының 5 және 6-тармақтарында айқындалған республикалық немесе жергілікті мемлекеттік басқару органымен келісілген мерзімдерде өткізеді.

2. Қоғамдық тыңдауды ұйымдастыру және өткізу тәртібінде:

1) қоғамдық тыңдауға қатысушыларды оның өткізілетін уақыты мен орны туралы бұқаралық ақпарат құралдары және (немесе) жазбаша шақырулар арқылы, бірақ ол өткізілетін күннен кемінде күнтізбелік он күннен кешіктірмей күні бұрын құлақтандыру;

2) қоғамдық тыңдауға шығарылатын нормативтік-

құқықтық актілер мен шешімдердің жобаларымен, бірақ ол өткізілетін күннен кемінде күнтізбелік он күннен кешіктірмей күні бұрын таныстыру;

3) қоғамдық тыңдауға қатысуды қамтамасыз ететін басқа да шаралар;

4) қабылданған шешімдерді уәждеп негіздеуді қоса алғанда, қоғамдық тыңдаудың қорытынды хаттамасын жариялау көзделуге тиіс.

3. Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыру және өткізу тәртібіне қойылатын үлгілік талаптарды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

4. Қоғамдық тыңдау Қоғамдық кеңес мүшелерінің бастамасы бойынша өткізіледі.

5. Қоғамдық тыңдауды өткізу барысында хаттама жүргізіледі, онда:

1) қоғамдық тыңдау өткізілетін күні мен орны;

2) қатысушылардың саны;

3) қоғамдық тыңдау төрағасы мен хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);

4) күн тәртібі, сөйлеген сөздердің мазмұны тіркеледі.

6. Қоғамдық тыңдау нәтижелері бойынша қорытынды хаттама қабылданады, оған қоғамдық тыңдау төрағасы мен хатшысы қол қояды.

7. Қорытынды хаттама, егер оған Қоғамдық кеңестің қатысып отырған мүшелерінің жартысынан астамы дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

8. Қоғамдық тыңдаудың қорытынды хаттамасында:

1) бақыланатын мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы туралы ақпарат;

2) қоғамдық тыңдау барысында анықталған, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін ережелерді жою жөніндегі ұсынымдар;

3) нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстар қамтылады.

9. Қоғамдық кеңестің төрағасы қорытынды хаттама негізінде қабылданған ұсынымдарды:

1) мемлекеттік органдарға, қоғамдық бақылау субъектілеріне;

2) зерделеу және шаралар қолдану үшін мемлекеттік органдардың қызметін бақылауды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік органдарға;

1) бұқаралық ақпарат құралдарына жібереді.

## **22-бап. Қоғамдық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібі**

1. Қоғамдық сараптаманы Қоғамдық кеңес өз отырысында қабылдаған тапсырмасы бойынша қоғамдық бірлестіктер құратын сараптама комиссиялары жүзеге асырады.

Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды

мүдделерін сақтау, азаматтардың өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтау, сондай-ақ жеке тұлғалардың, елді мекендердің және өндірістік объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жағымсыз факторларды болғызбау тұрғысынан мемлекеттік органдардың қабылданатын шешімдерінің жобалары қоғамдық сараптама объектілері болып табылады.

2. Қоғамдық кеңеске тиісті өтінішхат жіберетін жеке тұлғалар және (немесе) қоғамдық бірлестіктер қоғамдық сараптаманың бастамашылары бола алады.

3. Қоғамдық экологиялық сараптама жүргізу ерекшеліктері, оны тіркеу тәртібі, қорытындының мазмұны Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінде белгіленеді.

4. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қоғамдық сараптаманың өзге де субъектілері, оны ұйымдастыру мен жүргізудің негіздері және тәртібі айқындалуы мүмкін.

### **23-бап. Жұмыс нәтижелері туралы есептерді тыңдауды ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

1. Осы Заңның 18-бабы 4-тармағының ережелеріне сәйкес жұмыс нәтижелері туралы есепті тыңдау республикалық деңгейдегі мемлекеттік органның бірінші басшысының баяндамасын және Қоғамдық кеңес төрағасының қосымша баяндамасын, ал аумақтарда әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің баяндамасын және мәслихат хатшысының, Қоғамдық кеңес төрағасының қосымша баяндамаларын қамтиды.

2. Жұмыс нәтижелері туралы есепті тыңдау барысында хаттама жүргізіледі, онда:

- 1) есепті тыңдау күні мен орны;
- 2) қатысушылардың саны;
- 3) сөз сөйлеген лауазымды адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе);
- 4) күн тәртібі, есептің және сөйлеген сөздердің мазмұны қамтылады.

3. Есепті тыңдау нәтижелері бойынша қарар қабылданады, онда:

- 1) бақыланатын органдар мен олардың лауазымды адамдарының қызметін олардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша бағалау;
- 2) есепті тыңдау барысында анықталған, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін ережелерді жою жөніндегі ұсынымдар;
- 3) мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар қамтылуға тиіс.

4. Егер отырысқа қатысып отырған қатысушылардың жартысынан астамы есеп үшін дауыс берсе, ол қабылданды деп есептеледі.



3.	<p><b>«Волонтерлік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 желтоқсандағы №42-VI Заңы (11.07.2017ж. өзгерістермен)</b></p>	<p><b>2-тарау. ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ</b></p> <p><b>7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің волонтерлік қызмет саласындағы құзыреті</b>          Қазақстан Республикасының Үкіметі:          1) волонтерлік қызмет саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;          2) өзіне Конституциямен, Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.</p> <p><b>8-бап. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының волонтерлік қызмет саласындағы құзыреті</b>          1. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары өз құзыреті шегінде:          1) волонтерлік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;          2) волонтерлік қызметті қолдау мен ынталандыру тетіктерін әзірлейді;          3) волонтерлік қызмет саласында халықаралық ынтымақтастықты дамытуға және тәжірибе алмасуға жәрдемдеседі;          4) волонтерлік бағдарламаларды (жобаларды) іске асыруға қатысуға және волонтерлік акцияларды өткізуге волонтерлік ұйымдар мен волонтерлерді тарту тәртібі жөнінде ұсынымдар әзірлейді;          5) волонтерлік қызмет саласында жеке, заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды;          6) волонтерлік бағдарламалардың (жобалардың) және волонтерлік акциялардың іске асырылуының мониторингін жүзеге асырады;          7) волонтерлік қызмет практикасын талдайды, жиынтықтау мен жинақтап қорытуды жүзеге асырады;          8) волонтерлік қызметті есепке алу тізілімдерін жүргізеді;          9) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.          2. Орталық атқарушы органдар өздерінің интернет-ресурстарында волонтерлік қызметті есепке алу тізілімдерін орналастырады.</p> <p><b>9-бап. Волонтерлік қызмет саласындағы уәкілетті органның құзыреті</b>          Волонтерлік қызмет саласындағы уәкілетті орган:          1) волонтерлік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;          2) Қазақстан Республикасындағы волонтерлік қызмет туралы ақпаратты жиынтықтау мен жинақтап қорытуды жүзеге асырады;          3) волонтерлік қызметті есепке алу тізілімін жүргізу</p>
----	--	---

жөніндегі үлгілік қағидаларды әзірлейді және бекітеді;

4) волонтерлік бағдарламаларды (жобаларды) іске асыруға қатысуға және волонтерлік акцияларды өткізуге волонтерлік ұйымдар мен волонтерлерді тарту тәртібі жөнінде ұсынымдар әзірлейді;

5) волонтерлік бағдарламалардың (жобалардың) және волонтерлік акциялардың іске асырылуының мониторингін жүзеге асырудың үлгілік қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

6) волонтерлік қызмет саласында жеке, заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды;

7) волонтерлік қызметтің мониторингін жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

8) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**10-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті**

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары өз құзыреті шегінде:

- 1) волонтерлік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- 2) волонтерлік қызмет саласында жеке, заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды;
- 3) волонтерлік қызметтің мониторингін жүзеге асырады;
- 4) волонтерлік қызмет практикасын талдауды, жиынтықтау мен жинақтап қорытуды жүзеге асырады;
- 5) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары өз құзыреті шегінде:

- 1) волонтерлік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;
- 2) волонтерлік қызмет саласында жеке, заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды;
- 3) волонтерлік қызметтің мониторингін жүзеге асырады;
- 4) волонтерлік қызмет практикасын талдауды, жиынтықтау мен жинақтап қорытуды жүзеге асырады;
- 5) волонтерлік қызмет жүйесін дамыту жөнінде шаралар қолданады;
- 6) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**11-бап. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының волонтерлік қызмет саласындағы өкілеттіктері**

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының волонтерлік

		<p>қызмет саласындағы өкілеттіктеріне:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) волонтерлік қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қатысу;</li> <li>2) жастардың жаппай волонтерлік акцияларын қолдауды жүзеге асыру;</li> <li>3) волонтерлік ұйымдардың ақпараттық жүйесінде волонтерлік бағдарламалар (жобалар) және акциялар туралы ақпаратты орналастыру;</li> <li>4) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған өзге де өкілеттіктер жатады.</li> </ol> <p><b>13-бап. Волонтерлерді үйлестіруші</b></p> <p>3. Волонтерлерді үйлестіруші мемлекеттік органдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, волонтерлік қызметтің өзге де ұйымдастырушыларымен және өзге де волонтерлік ұйымдармен, сондай-ақ волонтерлер топтарымен өзара іс-қимыл жасайды.</p> <p>4. Волонтерлерді үйлестіруші жұмыстарды орындаудың қауіпсіз әдістері мен тәсілдеріне және жазатайым оқиғалардан зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетуге волонтерлерді оқытуды қамтамасыз етеді.</p> <p><b>15-бап. Волонтерлік қызметті ұйымдастырушы</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Волонтерлік қызметті ұйымдастырушы:</li> <li>2) волонтерлік қызметті қолдау мен ынталандырудың мемлекеттік бағдарламаларын, егер бұл осы бағдарламаларда көзделсе, іске асыруға қатысады;</li> </ol> <p><b>16-бап. Волонтерлік қызметті есепке алу тізілімі</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Волонтерлік қызметті ұйымдастыруды ретке келтіру мақсатында Волонтерлік қызметті есепке алу тізілімі жүргізіледі.</li> <li>2. Волонтерлік қызметті есепке алу хабарламалық сипатта болады.</li> <li>3. Волонтерлік қызмет туралы мәліметтер жалпыға қолжетімді болып табылады.</li> </ol> <p><b>17-бап. Волонтерлік қызметті қолдау және қаржылық қамтамасыз ету</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Волонтерлік қызметті қолдау шаралары қайырымдылық көмек түрінде мынадай нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін: <ol style="list-style-type: none"> <li>1) материалдық-техникалық қамтамасыз ету;</li> <li>2) мүліктік қамтамасыз ету;</li> <li>3) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қолдау нысандары.</li> </ol> </li> <li>2. Волонтерлік қызметті қаржылық қамтамасыз ету жеке және (немесе) заңды тұлғалардың меншікті немесе тартылған қаражаты есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де көздер есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.</li> </ol>
4.	«Қазақстан»	1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

<p><b>Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 12 сәуірдегі №36 Заңы</b></p>	<p>Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:</p> <p>1) әлеуметтік бағдарлама - өзара байланысты әлеуметтік жобалар кешені;</p> <p>1-1) әлеуметтік жоба – әлеуметтік мәні бар салалардағы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған, бір жыл ішінде және үш жылға дейін іске асырылатын ұйымдастырушылық, экономикалық және техникалық шаралардың жиынтығы;</p> <p>2) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс - үкіметтік емес ұйымдар бюджет қаражаты есебінен орындайтын әлеуметтік саладағы міндеттерді шешуге бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды, әлеуметтік жобаларды іске асыру нысаны;</p> <p>3) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс алуға арналған конкурс (бұдан әрі - конкурс) - тапсырыс берушінің үкіметтік емес ұйымдардың жұмыстарын, көрсетілген қызметтерін сатып алуға бағытталған және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың ықтимал өнім берушілері арасында ашық әрі адал бәсекелестікті қамтамасыз ететін ықтимал өнім берушіні анықтау әдісі;</p> <p>3-1) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласындағы мемлекеттік орган (бұдан әрі — мемлекеттік орган) – мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру және іске асыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган, оның ішінде орталық атқарушы және жергілікті атқарушы орган;</p> <p>3-2) алып тасталды - ҚР 02.12.2015 <a href="#">№ 429-V</a> Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);</p> <p>4) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруға арналған шарт - тапсырыс беруші мен өнім берушінің арасында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жасалған шарт;</p> <p>4-1) алып тасталды - ҚР 02.12.2015 <a href="#">№ 429-V</a> Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);</p> <p>5) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың өнім берушісі (бұдан әрі - өнім беруші) - мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруға арналған шарт бойынша әлеуметтік бағдарламаларды, әлеуметтік жобаларды іске асыратын үкіметтік емес ұйым;</p> <p>5-1) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылу мониторингі — мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылуы туралы ақпаратты жинау, өңдеу және талдау;</p> <p>6) тапсырыс беруші - республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері;</p> <p>6-1) Уәкілетті орган жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі үйлестіру кеңесі (бұдан әрі – Үйлестіру кеңесі) – үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимылды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін уәкілетті орган құратын консультациялық кеңесші орган;</p> <p>7) үкіметтік емес ұйым - ортақ мақсаттарға жету үшін азаматтар және (немесе) мемлекеттік емес заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ерікті</p>
--	--

негізде құрған коммерциялық емес ұйым (саяси партияларды, кәсіптік одақтарды және діни бірлестіктерді қоспағанда);

7-1) үкіметтік емес ұйымдарға арналған грант (бұдан әрі – грант) – үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың азаматтық бастамаларды қолдау, әлеуметтік саланы дамытудың өзекті мәселелерін шешуге азаматтық қоғам институттарының әлеуетін тарту мақсаттарында үкіметтік емес ұйымдарға беретін қаражаты;

7-2) үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттарды іске асыру мониторингі – үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттарды іске асыру туралы ақпаратты жинау, өңдеу және талдау;

7-3) үкіметтік емес ұйымдарға арналған сыйлықақы (бұдан әрі – сыйлықақы) – республикалық, салалық және өңірлік деңгейлердегі әлеуметтік міндеттерді шешуге қосқан үлесі үшін үкіметтік емес ұйымдарға бюджет қаражаты есебінен берілетін ақшалай сыйақы;

7-4) үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор (бұдан әрі – оператор) – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын және осы Заңға сәйкес гранттар ұсынуға құқығы бар акционерлік қоғам нысанындағы коммерциялық емес ұйым;

7-5) Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқоры – үкіметтік емес ұйымдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету және жұртшылыққа олар туралы ақпарат беру мақсатында, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру шеңберінде пайдалану, гранттар ұсыну және сыйлықақылар беру үшін қалыптастырылатын ақпараттық дерекқор;

8) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңестер – құрамына мүдделі мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кіретін, мемлекеттік орган мен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін құрылатын консультациялық-кеңесші органдар;

8-1) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру мен іске асыру, сыйлықақылар беру, гранттар ұсыну және олардың іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі қызметке басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

9) ықтимал өнім беруші - конкурса қатысушы үкіметтік емес ұйым;

**Ескерту. 1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.12.22 № 515-IV (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.02.2014 № 175-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.12.2015 № 429-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**3-бап. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік**

**әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар ұсыну және сыйлықақылар беру процесін құқықтық реттеу қағидаттары**

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 02.12.2015 № 429-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар ұсыну және сыйлықақылар беру процесін құқықтық реттеу:

- 1) заңдылық;
- 2) Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік бағдарламаларды, әлеуметтік жобаларды іске асыру тиімділігін арттыру;
- 3) Қазақстан Республикасы азаматтарының әлеуметтік міндеттерді шешуге қатысуы;
- 4) үкіметтік емес ұйымдар үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
- 5) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс процесінің жариялылығы мен ашықтығы принциптеріне негізделеді.

**Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 02.12.2015 № 429-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**4-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті**

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) уәкілетті органды айқындайды;
- 2) алып тасталды - ҚР 02.12.2015 № 429-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібін айқындайды;
- 4) Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың өнім берушілер тізілімін жүргізу тәртібін айқындайды;
- 5) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

**Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.12.22 № 515-IV (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 02.12.2015 № 429-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**4-1-бап. Уәкілетті органның құзыреті**

Уәкілетті орган:

- 1) мемлекеттік органдардың мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру және іске асыру жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;
- 2) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыратын және іске асыратын мемлекеттік органдарға ақпараттық,

консультациялық және әдістемелік қолдау көрсетеді;

2-1) үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар беру және олардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

2-2) үкіметтік емес ұйымдарға арналған сыйлықақыларды беруді жүзеге асырады және оларды беру қағидаларын бекітеді;

2-3) Үйлестіру кеңесін құрады, оның ережесін және құрамын бекітеді;

3) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылу мониторингін жүзеге асырады және оны жүргізу қағидаларын бекітеді;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылу мониторингінің қорытындылары бойынша ақпарат ұсынады;

4-1) Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына енгізу үшін "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 41-бабының 5-тармағына сәйкес берілетін мәліметтерді тексеруді жүзеге асырады;

5) өз құзыретінің шегінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және (немесе) бекітеді;

6) Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорын жүргізуді жүзеге асырады;

6-1) Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорын қалыптастыру тәртібін айқындайды;

7) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласындағы электрондық ақпараттық ресурстарды құрады және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың оларға қол жеткізуін ұйымдастырады;

7-1) оператордың өз қызметінің нәтижелері туралы есебін қарайды және оның нысанын бекітеді;

8) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. Заң 4-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.22 № 515-IV (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 02.12.2015 № 429-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**4-2-бап. Мемлекеттік органдардың құзыреті**

Мемлекеттік органдар:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіпмен мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды және іске асыруды жүзеге асырады;

2) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөніндегі кеңестерді құрады;

3) уәкілетті органға мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылуы жөніндегі ақпаратты ұсынады;

4) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдарға ақпараттық, консультациялық, әдістемелік қолдау көрсетеді;

5) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының тиісті әкімшілік-аумақтық бірлігінде қызметін жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтерді жинайды, жинақтайды және уәкілетті органға береді.

**Ескерту.** Заң 4-2-баппен толықтырылды - ҚР 2011.12.22 № 515-IV (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 02.12.2015 № 429-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **4-3-бап. Мәліметтерді тексеру**

1. Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына берілетін мәліметтерді тексеруді уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру мониторингінің және үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттарды іске асыру мониторингінің нәтижелері, жеке және заңды тұлғалардың шағымдары, мемлекеттік органдардың ақпараты, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар мәліметтерге тексеру жүргізу үшін негіздер болып табылады.

Қажет болған кезде тексеру жүргізуге басқа да мемлекеттік органдардың өкілдері тартылуы мүмкін.

**Ескерту.** Заң 4-3-баппен толықтырылды - ҚР 02.12.2015 № 429-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **5-1-бап. Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқоры**

Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорын қалыптастыру "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 41-бабының 5-тармағына сәйкес берілетін мәліметтер, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар беретін мәліметтер негізінде жүзеге асырылады.

**Ескерту.** Заң 5-1-баппен толықтырылды - ҚР 02.12.2015 № 429-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

#### **6-бап. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру**

1. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты мемлекеттік органдар және үкіметтік емес ұйымдар жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Осы Заңның 5-бабында көзделген бағыттар бойынша



жарғылық мақсаттарға сәйкес қызметті жүзеге асыратын ықтимал өнім берушілер конкурсқа қатысуға жіберіледі.

4. Алып тасталды - ҚР 2011.12.22 № 515-IV (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.22 № 515-IV (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

### **6-1-бап. Гранттар**

1. Гранттар бюджет қаражаты есебінен берілетін мемлекеттік және жеке және заңды тұлғалар, халықаралық, шетелдік ұйымдар ерікті негізде бюджеттен тыс көздерден беретін мемлекеттік емес болып табылады.

2. Гранттар грант беруге арналған шартқа сәйкес үкіметтік емес ұйымдар, оператор әзірлеген әлеуметтік бағдарламаларды, әлеуметтік жобаларды іске асыруға беріледі.

3. Гранттар тарату процесіндегі, дәрменсіз (банкрот) деп танылған, мүлкіне тыйым салынған және (немесе) экономикалық қызметі тоқтатыла тұрған үкіметтік емес ұйымдарды қоспағанда, Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына енгізілген үкіметтік емес ұйымдарға конкурстық іріктеу негізінде беріледі.

4. Грантты алған үкіметтік емес ұйымдар алынған қаражаттың бір бөлігін, бірақ он пайыздан аспайтын бөлігін материалдық-техникалық қамтамасыз етуге пайдалана алады.

5. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында реттелетін гранттар беру процесінде туындайтын қатынастарға осы бап қолданылмайды.

**Ескерту. Заң 6-1-баппен толықтырылды - ҚР 02.12.2015 № 429-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **6-2-бап. Оператор**

1. Оператор:

1) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтық бастамаларды қолдау, әлеуметтік саланы дамытудың өзекті мәселелерін шешуге азаматтық қоғам институттарының әлеуетін тарту мақсатында үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік және мемлекеттік емес гранттар беруге;

2) қоғамдық бақылауды дамыту мақсатында гранттарды іске асыру мониторингі үшін сарапшыларды тартуға құқылы.

2. Оператор:

1) үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар беру және олардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру қағидаларына сәйкес гранттардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыруға;

2) уәкілетті органға гранттар беру тетіктерін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

3) гранттардың іске асырылуы туралы ақпаратты өзінің

интернет-ресурсында орналастыруға;

4) өз қызметінің нәтижелері туралы жыл сайынғы есепті уәкілетті органға беруге, сондай-ақ оны өзінің интернет-ресурсында орналастыруға міндетті.

**Ескерту. Заң 6-2-баппен толықтырылды - ҚР 02.12.2015 № 429-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **6-3-бап. Сыйлықақылар**

1. Сыйлықақыларды уәкілетті орган Үйлестіру кеңесінің ұсынымдарын алғаннан кейін береді.

2. Үкіметтік емес ұйымдарды сыйлықақы алуға ұсыну туралы өтінімдерді үкіметтік емес ұйымдар және мемлекеттік органдар уәкілетті органға жыл сайын 1 қыркүйекке дейін береді.

3. Сыйлықақыны алуға сол бір ғана үкіметтік емес ұйымдарды қатарынан үш жыл ішінде қайта ұсынуға жол берілмейді. Сол бір ғана үкіметтік емес ұйым сыйлықақыны алуға бір номинациядан артық номинация бойынша ұсыныла алмайды.

4. Сыйлықақының ең төменгі мөлшері республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерін құрайды.

5. Бір номинация бойынша сыйлықақы бір немесе бір мезгілде бірнеше ізденушіге берілуі мүмкін. Бұл жағдайда сыйлықақы олардың арасында тең бөлінеді.

**Ескерту. Заң 6-3-баппен толықтырылды - ҚР 02.12.2015 № 429-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **7-бап. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты, мемлекеттік гранттар мен сыйлықақыларды қаржыландыру және олардың бюджет қаражатын пайдалану**

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты, мемлекеттік гранттар мен сыйлықақыларды қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру, мемлекеттік гранттар ұсыну және сыйлықақылар беру үшін көзделген бюджет қаражаты осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыруға арналған шартта, мемлекеттік грант беруге арналған шартта белгіленген мақсаттарда және тәртіппен пайдаланылады.

**Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - ҚР 02.12.2015 № 429-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **8-бап. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың орындалуын, гранттардың пайдаланылуын және сыйлықақылар беруді бақылау**

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың орындалуын, гранттардың пайдаланылуын және сыйлықақылар беруді

		<p>бақылауды уәкілетті орган, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.</p> <p><b>Ескерту. 8-бап жаңа редакцияда - ҚР 02.12.2015 № 429-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).</b></p>
5.	<p><b>«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Заңы (03.07.2017ж. өзгерістермен)</b></p>	<p><b>3-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫ ӨТКІЗУДІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГТЕУ</b></p> <p><b>18-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын бақылау</b></p> <p>1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.</p> <p>Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының сақталуын бақылауды "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген өкілеттіктер шегінде жүзеге асырады.</p> <p>2. Бақылау объектілері:</p> <p>1) тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, конкурстық комиссия (аукциондық комиссия), сараптама комиссиясы, сарапшы;</p> <p>2) өткізілетін мемлекеттік сатып алу нысанасы шегінде әлеуетті өнім беруші, өнім беруші, сондай-ақ олар жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлер не қызметтер көрсету бойынша бірлескен атқарушылар ретінде тартатын тұлғалар;</p> <p>3) тауар биржалары арқылы мемлекеттік сатып алуға қатысатын тұлғалар;</p> <p>4) мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператор болып табылады.</p> <p>3. Уәкілетті орган тексерулерді мынадай жағдайлардың бірі басталған кезде:</p> <p>1) тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының не конкурстық комиссияның (аукциондық комиссияның), сараптама комиссиясының, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасап әлеуетті өнім беруші, конкурсқа не аукционға қатысушы, өнім беруші не олардың уәкілетті өкілі жазбаша өтініш бергенде жүзеге асырады. Мұндай шағымды қарау осы Заңның 47және 48-баптарында көзделген шарттар сақталған кезде жүзеге асырылады;</p> <p>2) құқық қорғау органдарының қаулылары келіп түскен кезде;</p> <p>3) тәуекелдерді басқару жүйесі арқылы алынған ақпаратты талдау нәтижелері бойынша жүзеге асырады.</p> <p>4. Уәкілетті орган бақылау іс-шараларын, оның ішінде камералдық бақылауды жүргізу нәтижесінде бақылау</p>

	<p>объектісінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзғанын анықтаған кезде мынадай шаралар қабылдайды:</p> <p>1) бақылау объектісіне камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы орындалуы міндетті нұсқама, хабарлама жібереді;</p> <p>2) міндеттемелері тиісті түрде орындалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұза отырып жасалған, күшіне енген мемлекеттік сатып алу туралы шарттарды жарамсыз деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінеді;</p> <p>3) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен, бюджеттің атқарылуы жөніндегі орталық уәкілетті органда ашылған бақылау объектілерінің кодтары мен шоттары бойынша, сондай-ақ бақылау объектілерінің банк шоттары (корреспонденттікті қоспағанда) бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады.</p> <p>5. Бақылау іс-шараларын жүргізу нәтижесінде бақылау объектісінің құрамында қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар әрекет жасау (әрекетсіздігі) фактісі анықталған кезде, уәкілетті орган мен мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары осындай факт анықталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде аталған әрекеттің (әрекетсіздіктің) жасалғаны туралы ақпаратты және осындай фактіні растайтын құжаттарды құқық қорғау органдарына беруге міндетті.</p> <p>6. Уәкілетті орган мен мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), сондай-ақ шешімдеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға болады.</p> <p><b>19-бап. Мемлекеттік сатып алуды мониторингтеу</b></p> <p>1. Мемлекеттік сатып алуды мониторингтеу мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы ақпаратты жинау, қорыту, талдау, жүйелеу және бағалау негізінде жүзеге асырылады.</p> <p>2. Мемлекеттік сатып алуды мониторингтеуді уәкілетті орган мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы және ондағы қамтылған ақпарат негізінде жүзеге асырады.</p> <p>3. Мемлекеттік сатып алуды мониторингтеу нәтижелері бойынша уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік сатып алу туралы жыл сайынғы есепті жібереді.</p> <p>4. Мемлекеттік сатып алу туралы жыл сайынғы есепті дайындау қағидаларын уәкілетті орган <u>бекітеді</u>.</p>
--	---

## Мүдделерді білдіру бойынша ескертпе

### Мүдделерді білдіру дегеніміз не?

Көптеген қоғамдық ұйымдар үшін «мүдделерді білдіру» жағымсыз жағынан түсініледі немесе қорқыныш туғызады. Кейбір адамдар қабылданып жатқан шешімнен күмәнданады, себебі бұл оларға мүмкін емес болып көрінеді, ал кейде ұйымдар мүдделерді білдіруден аулақ болуға тырысады.

«Мүдделерді білдіру» түсінігі жергілікті, ұлттық және тіпті халықаралық деңгейде заңдарды немесе саясатты қабылдау, жою немесе жетілдіруді тездету дегенді білдіреді. Шешім қабылдау әрекеттеріне дұрыс бағытта әсер етуі үшін шешім қабылдауға жауапты тұлғаларға жеткізілетін ақпарат пен көзқарастар қолданылады.

Мүдделерді білдіру заң қабылдайтын және саясатты, көзқарастармен алмасуды анықтайтын, бұл мәселе бойынша кең қолдауды көрсететін және оппоненттеріне әсер ете алатын ресми тұлғалармен байланысты білдіреді.

### Мүдделерді кім білдіре алады?

Қазақстанда «Мүдделік қолдау туралы» заң қабылданбады.

Кез келген тұлға лобби бола алады. Арнайы ұйымның өкілі болу міндетті емес. Жеке мүдделері есебінен әрекет ететін азаматтың өзі қызықтыратын іс немесе заң бойынша ақпарат беру үшін шешім қабылдаушылармен кездесе алады немесе оларға жаза алады, шақыра алады.

Тұлғалар заң шығарушылыққа әсер ететін жағдайда екенінұмытпауы тиіс, бұл көбінесе қарапайым әрекеттер арқылы іске асырылады.

*«Бірлесіп ойлайтын адамдардың шағын тобы әлемді өзгерте алатындығына ешқашан күмәнданбаңыз. Бұл мүмкін болатын жалғыз құбылыс екеніне сеніңіз» - Маргарет Мид.*

Қалай бастау қажет?

Ойыңызды іске шоғырландырыңыз: өзіңді қызықтыратын істі таңдап, бұл мәселені одан әрі дамытуға өзіңіздің бар күш-жігеріңізді салыңыз.

Өз ісіңізді зерттеп, қолдап жүріңіз. Объектіге қатысты қатаң (анықталған) көзқарас қалыптастыру жеткіліксіз, сіз көзқарастарыңызды әр түрлі ресурстардан (жарияланымдар, мақалалар, статистикалық мәліметтер, мысалдар мен дәлелдер, үздік модельдер мен т.б.) алынатын күнделікті, нақты ақпаратпен қолдауыңыз қажет. Аса абай болыңыз. Талқылап жатқан мәселенің мәні туралы фактілерді дайындаңыз.

Әрекет пен өзгеріс бойынша айрықша ұсыныстарды қоса отырып, не қалайтыныңызды анықтап алыңыз. Шешім қабылдаушыға ұсынғыңыз келетін кез келген ұсыныстардың нақты тілін қамтамасыз етіңіз. Келіссөздер үшін база ретінде баламалы ұсыныстарды дайындаңыз. Қажет болса, сарапшылар тарапынан (заңгер, медицина қызметшісі, белгілі бір топтар) сыртқы қолдау табыңыз.

Қысқаша ауызша презентацияны дайындаңыз (5-10 мин.). Нақты әрі қисынды түрде ұсынуға дайын болыңыз. Есіңізде болсын: шешім қабылдаушы ісіңіздің егжей-тегжейін білмейді.

Ісіңіз бойынша шешім қабылдаушы әрқайсысының позициясын анықтаңыз. Егер сіз сенімді болмасаңыз (ақпарат жеткіліксіздігі), пресса мен өзге де бұқаралық ақпарат құралдарын зерттеп, жергілікті қоғамдар мен өзге мүдделі ұйымдарды сұрастырыңыз.

Сіз әсер еткіңіз келіп тұрған ісіңіз бойынша соңғы оқиғалармен таныс болып, ісіңізге әсер ететін заңнаманы, сайлауды, кездесулерді бақылауда ұстаңыз. Сізге тағы жедел электрондық пошта көмегін тигізе алады.

Сіз жүгінуге ниеттеніп жатқан шешім қабылдайтын тұлғаны мүмкін болғанша зерттеп шығыңыз. Олардың байланыстары мен альянстары туралы, әсіресе оларға әсер ететін топтар туралы, олардың кемшіліктері мен оппоненттері туралы хабардар болыңыз. Олардың сайлау жазбалары мен олардың қткен позициялары туралы зерттеп, сіздің мақсатыңызды қолдауға жасаған кез келген талпыныс үшін құттықтауға ұмытпаңыз, себебі шешім қабылдайтын кейбір лауазымды тұлғаларда ҮЕҰ мен азаматтық өкілдер тек жағымсыз оқиғалар бойынша ғана жүгінеді деген ой қалыптасқан.

#### **Заң шығарушылармен байланыс:**

Сіздің ойыңызша, позицияңыз қандай пайдаларға ие екендігін белгілеп, не себепті шешім қабылдаушы сіздің позицияңызды қолдау тиістігін айқындаңыз.

Сіздің дәлелдеріңізді растайтын фактілерді қолданыңыз және мүмкін болса, құжаттарды қалдырыңыз.

Сұрақтар мен өзгерістерге дайын болыңыз. Егер сіз сұрақтың жауабын білмесеңіз, оны мойындауға қорықпаңыз. Сұрақтың жауабын табатыныңызды айтыңыз.

Жағымсыз реакция немесе мүмкін болатын жерде компромиске дайын болыңыз.

Бас тартуға дайын болыңыз. Егер сіздің дәлелдеріңіз қабылданбай жатса, ісіңізді бөліктерге бөліп, жеклеген компоненттер бойынша шешім қабылдаушымен келісімге келуге тырысыңыз. Кімнің қай іске қатысты шешім қабылдайтынын нақты анықтап, өз позицияңызды өзгертуге немесе шешім қабылдаушының иерархиясында алға не артқа қарай қадам жасауға дайын болыңыз.

#### **Телефон**

Уақыт шектеулі болған кезде немесе сіз кездесуге келе алмаған уақытта сізге байланыс үшін телефон қажет болады. Шешім қабылдаушымен кездесулер туралы көптеген позициялар жоғарыда аталғанымен, шешім қабылдаушымен телефон арқылы байланысқан уақытта қысқаша, әдепті және жақсы дайындалған болу аса маңызды. Заң шығарушы сізбен телефон арқылы сөйлесуге көп уақыты болмауы мүмкін және сіздің қоңырау шалғаныңыз оған күн ішінде қабылдайтын көптеген қоңыраулардың бірі болуы мүмкін. Ісіңіз жағымды әсер қалдыратынын елестетіңіз.

## **Хат**

Егер сізде мүдделерді білдіру үшін уақыт пен ресурстарыңыз жеткіліксіз болса, сіздің заң шығарушымен байланысының жалғыз тәсілі хат жазу болуы мүмкін. Заң шығарушыға барлығын өзінде ұстауға және қайталап оқуға мүмкіндік беретін нысанда сіздің мәселеге қатысты өз ақпаратыңыз бен көзқарасыңызды ұйымдастыруға мүмкіндік беретіндіктен, мүдделерді хат арқылы білдіру тиімді болып табылады.

Нақты әрі түсінікті баяндаңыз. Ісіңіздің ерекшелігін белгілеңіз, оны не себепті қолдайтыныңызды немесе теріске шығаратыныңызды анықтаңыз, шешім қабылдаушының қай әрекет жасауын қалайтыныңызды көрсетіңіз. Іске қатысты емес немесе қажетті емес ақпаратты қоспаңыз.

Әдептілік танытыңыз. Өзіңізді таныстырып, өз дәлелдеріңіздің жақсы жақтарын айтып, шешім қабылдаушы сізге бөлген уақыты үшін ризашылығыңызды білдіріңіз. Шешім қабылдаушы сіздің жолдауыңызға жауап бере алауы үшін өз телефон нөміріңіз бен мекенжайыңызды жазып қалдырыңыз. Жай пошта секілді электрондық пошта да тиімді болып табылады және телефон қоңырауына қарағанда тиімдірек.

Петициялардан аулақ болыңыз, себебі шешім қабылдаушы адамдардың оларға істің мән-жайын түсінбей қол қоятынын біледі.

### **«Мүдделерді білдіру» тобы арқылы жұмыс жасау**

Сіз кез келген ісіңізді жүргізген кезде оны жалғыз бастамайсыз. Егер көз жүгіртіп қарасаңыз, сіздің позицияңызбен келісетін және ісіңізде көмектесуге күш салатын адамдарды немесе адамдар тобын таба аласыз. Мүдделерді білдірудің тиімді әдісі – ұжымдық әрекет әдісі, яғни мүдделер бойынша желілер, коалициялар немесе топтар құру және бұл топ арқылы жұмыс жасау. Бұл ақпарат пен сараптаманы бөлуге көмектеседі және моральдік пен тәжірибелік қолдау көрсетеді.

Сектораралық қолдаудың желісін құру, яғни сіздің ісіңіз ерекше қызығушылық тудырмаса да, жағдайы (мандат) сізді қолдай алатын басқа топтарды табу. Бұл сіздің байланыстарыңыз бен ықпалыңызды кеңейте алады.

Өз тобыңызды құрыңыз – ұйымға атау беріп (мақсатты, ұйымды, желіні т.б. анықтаңыз), байланысушы тұлғаны тандаңыз.

Өз позицияларыңыз бен ұсыныстарыңызды бірыңғай түсінуді анықтап алыңыз.

Топ мүшелері арасында байланыстың тиімді әдістерін тандаңыз (электрондық пошта немесе өзге ақпарат көздері, веб-парақшалар және т.б.).

Топ мүшелерінің қайсысы мүдделік қолдау қызметіне қатысатынын шешіп, мүдделік қолдау процесін мүмкіндіктеріне байланысты бөліп қойыңыз (мысалы: тіл, мәдениет, ұлт – аймақ – сараптама – ерекше байланыстар мен тәжірибелік іс-әрекеттер).

Мүдделік білдірудің барлық процесін назарға алып, оның құрылымдық бөліктерін топ мүшелері арасында бөліп қойыңыз. Кім немен айналысады?

Белгілі бір әрекеттер қашан жасалды? Бұл қалай жасалды? Қандай нәтижеге қол жеткізілді? Келесі қадамдар қандай болуы керек?

### **Нәтиже**

Кез келген сапар мен телефон байланысынан кейін алғыс хат жолдау. Ісіңізді қысқаша баяндап, кездесу уақытында сіз уәде берген кез келген ақпаратты қосыңыз. Бұл сізге көзқарасыңызды ұсыну үшін екінші мүмкіндік береді.

Шешім қабылдаушы өзі қабылдаған міндеттемелерді ұстанып жатқанына көзіңізді жеткізіңіз.

Егер сіз келісім немесе қолдауға қол жеткізе алмасаңыз, болашақта сізге өзіңіздің саясаттаңызды өзгерту қажет.

Сіз алысқа баратын нәтижелерге ие болатыныңызға көз жеткізіңіз: заңдар, саясат пен келісімдер қабылданды ма? Саясат пен тәжірибе арасында айырмашылықтар барын ұмытпаңыз.

Мүдделік білдіру бойынша өзіңіздің әрекетіңізге талдау жасаңыз- сіздің жетістіктеріңіз бен түңілу кездеріңіз және өзіңізге қандай сабақ алдыңыз. Өз жетістіктеріңізбен топ мүшелері мен басқа да адамдармен бөлісіңіз.

### **Есіңізде болсын!**

Шешімді қабылдаушы мен сайланатын шенеуіктер өздерін таңдағандарға көңіл бөледі. Көмек беретін біреуді тапқан кезде одан басқаларды ұсынуды сұраңыз.

Бұқаралық ақпарат құралдарын қолданыңыз. Жергілікті прессада жарияланған шағын кеңес кездесуінің өзі және сіз бастаған кез келген іс пресса тарапынан қорғалуына алып келуі мүмкін. Егер сіз айтарлықтай нәтиже мен шешімге ие болсаңыз, бұл туралы жергілікті және ұлттық бұқаралық ақпарат құралдарына ескертіңіз.

Табысты «мүдделерді білдірудің» кілті «құрылыс толқыны» болып табылады. Әрбір шағын жеңісті келесі ірі шайқасқа дайындық ретінде пайдаланыңыз. Заң арқылы қолдауды құрып, доминоның жағымды әсерін құрыңыз.

Сіз өз мақсаттарыңызға жетпеген жағдайда да, «мүдделерді білдіру» сізге өзіңіздің сеніміңіз бен үміттеріңіздің орындалғанынан қанағаттанушылықты беріп, шешім қабылдауда маңызды рөл тақарады.

Сізге батылдық, табандылық пен сенім қажет – алайда сіз жағдайды өзгертуге қабілеттісіз!